Жаңа жылдарыңызбен!

Сыр бойы

90 жыл

№197-198
(19875-19876)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

31 желтоқсан /СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

НЕГІЗГІ САЯСИ ОҚИҒА

2019 жыл: Президент сайлауы өтті

2019 жылы еліміздегі ең негізгі саяси оқиға – Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Президент ретіндегі өкілеттігін тоқтатуы. Қазақстандағы билік сабақтастығы конституциялық тұрғыдан реттеліп, Президент өкілеттігі Сенат төрағасына берілді. Президенттің міндетін атқарушы ретінде сол тұста Сенат төрағасы қызметін атқарған Қасым-Жомарт Тоқаев келді.

Арада көп өтпей Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық телеарналар арқылы Қазақстан халқына үндеу жолдап, 2019 жылдың 9 маусымында кезектен тыс Президент сайлауы өтетінін жария етті. Шешімді қабылдарда Президент Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен ақылдасып, Парламенттің қос палата спикерімен, Премьер-Министрмен кеңескенін, Конституциялық Кеңестің келісіміне жүгінгенін мәлімдеді.

Халықтың басым бөлігінің дауысына ие болған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті болып сайланды. Биылғы жылдың айтулы жаңалықтарының қатарына, сондай-ақ, Астана қаласының Нұр-Сұлтан болып өзгеруін де жатқызуға болады. 23 наурызда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының атауын «Нұр-Сұлтан» деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды.

Тарих игілігіне айналатын жылда Қызылорда облысын 6 жылдан астам басқарған Қырымбек Елеуұлы Көшербаев Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы, кейін ҚР Мемлекеттік Хатшысы қызметіне ауысты.

Қ.Көшербаев облысқа басшылық жасаған жылдары аймақта өндеу өнеркәсібі, құрылыс, оның ішінде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамыды. «Байқоңыр» инвестициялық форумдары өткізіліп, облысқа тартылған инвестиция көлемі еселеп артты. Әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы бойынша Сыр өңірі республикада алдыңғы қатарға шықты. Қызылордалық түлектер Ресейдің техникалық жоғары оқу орындарына түсіп, жас мамандардың алғашқы легі мекемелер мен кәсіпорындарда еңбек етуде.

Қызылорда облысының әкімі болып Қуанышбек Ысқақов тағайындалды. Қуанышбек Досмайылұлы қызметіне кіріскен сәтте бұрынғы атқарылған игілікті істердің сабақтастығы жалғасатынын мәлімдеді. Облыста жыл жақсы жетістіктермен айшықталып, алдағы уақыт міндеттері де жан-жақты пысықталуда.

Облыс әкімінің құттықтауы

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді Жаңа 2020 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жыл бізге негізгі салалардағы бірқатар жетістіктермен есте қалды: аймақ күрішшілері әр гектардан 60,3 центнерден өнім жинап, рекордты жаңартты. Осылайша, биыл қамбаға 500 мың тоннадан астам Сыр салысы құйылды. Біз әлеуметтік салаға бюджет қаражатын бөлу бойынша өңірлер арасында тағы да көшбасшылар қатарынан көріндік. Сонымен қатар, инвестиция мен құрылыс жұмыстарының көлемі, тұрғын үйлерді пайдалануға беру, ауыл шаруашылығында өнім өндіру, өңдеу өнеркәсібі бойынша және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын сипаттайтын бірқатар көрсеткіштер бойынша да жақсы нәтижеге қол жеткіздік.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатымен және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси сабақтастықты жалғастыруымен халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік нысандарды салу, сумен жабдықтау, энергиямен және газбен қамту, жол жөндеу мәселелері кезең-кезеңімен шешілуде.

Әсіресе, жастарымыздың білімге, жаңашылдыққа деген құштарлығы қуантады. Биыл екінші жыл қатарынан біздің мектеп түлектерінің 97 пайыздан астамы жоғары оқу орындары мен колледждерге оқуға түсуде.

Қымбатты жерлестер!

Аймағымыздың жетістіктері – Сыр өңірінің өсуі мен дамуына үлес қосып келе жатқан Сіздердің әрбіріңіздің еңбектеріңіздің нәтижесі.

Өткен жылды лайықты аяқтап, жеткен жетістіктеріміз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіріп, келер жылы да зор табыс тілегім келеді.

Келе жатқан Жаңа жыл Сіздерге игілік пен ізгілік, отбасыларыңызға амандық, құт-береке әкелсін! Қамбамыз қазыналы болып, несібеміз артып, әрбір ісіміз жемісті болсын!

Қасиетті Сыр өңірінің құты мен ырзығы артсын!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, ардақты жерлестер!

Құрметпен,
облыс әкімі
Қ.ЫСҚАҚОВ

ҚОНЫСТОЙ

Сол жағалаудың сәні артты

Жаңа жыл сырбойылық көпбалалы отбасылар үшін ерекше болғалы тұр. Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында сол жағалауда бой көтерген арендалық тұрғын үйлердің кілтін тапсырды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бір мезетте бес тұрғын үй пайдалануға берілсе, жаңа қоныс иелерінің басым бөлігі көпбалалы аналар. Мерейлі сәтті асыға күткен аналардың қуанышында шек жоқ. Олар бұл күнді он жылдан аса уақыт кезекте тұрып күткенін де жасырмады. Енді міне, арман орындалып, Жаңа жылды жаңа қоныста қарсы алмақ.

Жаңа қоныс иелеріне пәтер кілтін тапсырған аймақ басшысы Сыр өңірінде құрылыс қарқынды жүргізілгенін атап айтты.

– Құрылыс саласындағы жұмыстың ең ауқымдысы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қалаға тиесілі. Республикалық, облыстық бюджеттерден 820 пәтерлік 16 көпқабатты арендалық тұрғын үй мен 830 пәтерлік 17 көпқабатты кредиттік тұрғын үй құрылыстары жүргізілуде. Қаржыландырудың барлық көздері есебінен есепті мерзімде жалпы ауданы 381 мың 308 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, – деді облыс әкімі.

Пәтер кілтін алған тұрғынның бірі – көпбалалы ана Сәуле Қошқарова. Ол – 9 баланың анасы.

– Мен пәтер кезегінде 13 жылдан бері тұрамын. Жаңа жылды өз шаңырағымызда қарсы алатынымыз отбасымызды қуанышқа кенелтті, – дейді ол.

Атап айталық, соңғы 6 жылда облыс орталығында 15 жаңа шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңнан аса қызылордалық баспаналы болды. Құрылыс қарқыны биыл да бәсеңдеген жоқ. Өткен жылмен салыстырғанда құрылыс көлемі 164,7 процентке артты.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

ҒАСЫРЛЫҚ ҒҰМЫР

Қарт майдангерге құрмет

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов соғыс және еңбек ардагері Бөрібай Құлмановтың шаңырағында болып, Жаңа жылымен құттықтады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласынан бастаған ардагер екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Отан қорғауға атсалысып, Беларусь, Польша, Германия майдандарына араласты. Соғыс аяқталған соң Қытай мен Шығыс Түркістан Республикасында құпия миссия орындады. Елге оралғасын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында қызмет атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Қызылорда эксперименталды-механикалық жөндеу зауытында еңбек етті. Ел мүддесі жолындағы еселі еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендері және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Жасы 100-ге таяған қарт майдангер – бүгінде үлкен отбасының мәуелі бәйтерегі.

Өнегелі өмірі көпке үлгі, ерлігі жас ұрпаққа ұран ардагерді аймақ басшысы сырбойылықтар атынан мерекесімен құттықтап, оған сый-сияпат жасады. Ақсақал өзіне көрсетілген құрмет үшін алғыс білдірді.

Жетістігіме жерлестерім бірге қуанды

Элизабет ТҰРСЫНБАЕВА, *спортшы, мәнерлеп сырғанаудан әлемнің күміс жүлдегері, Қазақстанның төрт дүркін чемпионы, спорт шеберлігіне үміткер:*

– Тарих сахнасынан түсіп бара жатқан жыл менің есімімді спорт тарихына жазып қалдырды. Әлемнің мәнерлеп сырғанаушылары арасынан тұңғыш рет төрттік салх әдісін жасау арқылы дараландым.

Осы жылы бірден 3 ұлттық сыйлықтың иегері болдым.

«Халықтың сүйіктісі – 2019» сыйлығы, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығы, «Алтын самғау – 2019» ұлттық спорт сыйлығы деген мәртебелерді егелендім. Мұнан басқа «Қысқы спорт түрлері бойынша үздік спортшы» атандым. Бұл таңдау халықтың дауыс беруі арқылы жасалды.

Менің барлық жеңістеріме жерлестерім өзіммен бірге қуанды. Қызылорда облысының әкімдігі әр уақытта демеу жасап, қанаттандырып отырды. Сол үшін Сыр елі халқына басымды иемін.

Жаңа жыл құтты болсын. Еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек етіп жатқан Сыр жұртшылығына жаңа табыстар, ігі жақсылықтар тілеймін.

ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚҰТТЫҚТАУ

«Атамекен» тәрбиеленушілері пәтер алды

Жаңа жыл қарсаңында облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қаладағы бірқатар әлеуметтік мекемелерді аралап, ұжымдарды мерекемен құттықтады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Аймақ басшысы алдымен Талсуат елді мекеніндегі балаларға арналған әлеуметтік қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысып, бүлдіршіндерге арналған ертеңгілікке қатысты. Ұжым мен балғындарға лебізін білдіріп, Жаңа жылдың берекелі болуын тіледі.

Мұнан соң облыс әкімі «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиеленушілерімен кездесті.

– 1 маусым – Халықаралық балалар күніне орай Рано Сабанкулова мен Нұршат Нышанова Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қабылдауында болып, батасын алып қайтты. Бұл – бәріміз үшін де үлкен құрмет деп білемін. Жақында ғана Роман Ступновский облыс әкімінің «Сыр үміті» жастар сыйлығын алды. Тағы бір достарыңыз Ерхан Тастыбай республикалық «Робототехника» сайысынан бірінші орын иеленді. Осындай жетістіктеріңізге біз де қуанамыз. Мұны Сыр өңірінің өркендеуіне қосқан үлестеріңіз деп білеміз. Әрқашан биіктерден көрініп, білімді ұрпақ болуларыңызға тілектеспін, – деді облыс басшысы.

Бүгінде балалар ауылында «Робототехника», «Медиа клуб», «Шағын тігін шеберханасы», «Балалар және қолөнер бөлмесі» мен «Арт-студия» кабинеттері ашылған. Мақсат – балалардың бос уақытын тиімді өткізу. Сонымен бірге, спортпен тұрақты шұғылдану үшін «Мұз айдыны», «Евразия», «Тарлан» спорт кешендері мен «Оқушылар сарайындағы» үйірмелерге тегін қатысуға жолдама қарастырылған.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Жүздесудегі басты сый – аймақ басшысының «Атамекен» балалар ауылының екі тәрбиеленушісі Мариям Ауезханова мен Любовь Нежеловаға тұрғын үй алу кезегінің келуіне орай жаңа пәтер кілттерінің табысталуы болды.

Бұдан кейін облыс әкімі Қарттар үйіндегі ардагерлерді де Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

– Биылғы жыл өңіріміз үшін жақсы жаңалықтарымен аяқталуда. Жетістіктеріміз жетерлік. 2020 жылы да сіздердің ақ баталарыңызбен, алғаусыз тілектеріңізбен ойға алған жоспарларымызды жүзеге асырып, жетістіктерімізді еселей түсетінімізге сенім мол. Сіздер әрқашан мемлекет назарынан тыс қалмайсыздар. Әрдайым барлық жағдайды жасайтын боламыз, – деген аймақ басшысы алдағы жылы «Газель» автокөлігін алуға қаржы бөлінгендігін айтып, орталық тұрғындарын қуантты. Жиын соңында тыл ардагері Ереже Исабаев бата беріп, ардагерлер атынан алғысын жеткізді.

БЕЛЕС

Бүлдіршіндердің шаттық мекені

Осыдан он жыл бұрын Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асқан «Балапан» бағдарламасы аясында қала орталығынан «Адина» мектепке дейінгі білім беру мекемесі ашылған болатын. Содан бері оқу-тәрбие жұмысымен айналысатын жеке балабақша ұжымы қызметіне ата-аналар дән риза.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Он жылдық белесті бағындырған балабақша мерейтойын ата-аналар және кішкентай бөбектер бірлесе атап өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысып, облыс әкімінің құттықтауын жеткізді. «Халқымыз қай заманда да бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген сөз бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты мән бергенін аңғартса керек. Мемлекет қашан да балаларымызға қамқорлық жасап, олардың жақсы азамат болып тәрбиеленуіне жағдай туғызып келеді. Сондықтан өскелең ұрпаққа салынған инвестиция – болашағымыздың жарқын болуының кепілі. «Балапан» бағдарламасы шеңберінде ашылған «Адина» жеке балабақшасы заманауи деңгейде қалыптасып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, бәсекеге қабілетті, зерделі, ой-өрісі кең балаларды тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Жаңашыл балабақша ұжымының ізгілікке толы еңбегіне шығармашылық толағай табыс тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!» делінген құттықтауда.

Бұдан бөлек, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев балалар мен ұжымға өз лебізін білдірсе, қала әкімінің орынбасары Мира Қазбекова қала әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Айта кету керек, бүгінде балабақшада жас ерекшеліктеріне сай төрт топқа бөлінген 100-ден аса бала тәрбиеленуде. Олардың қабілеті мен бейімін зерделеу, шығармашылық өсуіне мүмкіндік жасау мақсатында 27 қызметкер жұмыс істейді.

– Бүлдіршіндердің жеке тұлғалық қабілетін дамыту, шығармашылық ойлауын жетілдіруге арналған ағылшын тілі, би-ырғақ, ән орталығы, психологиялық үйірмелері бар. Ал педагогтар – жоғары білімді, өз ісінің нағыз мамандары. Он жыл ішінде балаға тәрбие беруде біз не атқардық, қандай жетістіктерге жеттік? Бұл шара ата-аналарға есебіміз іспеттес, – дейді балабақша меңгерушісі Жұпар Базарбаева.

Райкүл БАЙНАЗАРОВА,
облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы, облыстық мәслихат депутаты:

Мұқтажға қамқор болған жыл

– Өтіп бара жатқан жылдың атап айтар жаңалығы жетерлік. Қай салада болмасын айтулы жетістіктер қуантады. Облыстық мәслихат депутаты ретінде айтсам, биылғы жылы қаралған маңызды мәселелердің бірі – 2002 жылы қабылданған «Кемтар балаларға арналған әлеуметтік, педагогикалық-медициналық қолдау» заңының орындалуы. Бұл заңның қабылданғанына 17 жыл болса да, әлжуаз балаларға қамқорлық жүйелі түрде жүзеге аспаған болатын. Қараша айында облыстық мәслихат сессиясында осы мәселе қаралып, жол картасы қабылданды. Мұнда аталған топтағы балаларға медициналық, білім беру және әлеуметтік қолдау бойынша нақты жұмыс бағыты және 5 жылдық қаражаты бекітілді.

Мұнан бөлек, аймақты спорттық нысандармен қамтамасыз ету бойынша зерттеу жүргізіліп, нәтижесінде облыста 5 спорт нысанының құжатын жасауға қаржы бөлініп, алдағы жылы құрылысы басталады. Сондай-ақ, келер жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде мәдениет және спорт нысандарының саны арта түспек. Тағы бір атап айтарлығы, келер жылы бірқатар мектеп пайдалануға беріледі.

ТАРАЗЫ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ: Жаңа жылдан не күтеміз?

Ертең күллі әлем жұртшылығы сияқты Қазақстан да жаңа 2020 жылға қадам басқалы отыр. Бұл орайда сан түрлі оқиғаларға толы болған өтіп бара жатқан жыл туралы не айтуға болады?

Демократиялық ұстанымға табиғатынан жақын ел Президенті біршама оңды қадамдар жасағанын атап өтуіміз керек. Халықты әлеуметтік қолдау бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылды. Көпбалалы аналарға бюджеттен қаржы бөлінді, олардың мұң-мұқтажы ескерілді. Әлеуметтік атаулы көмек қазақстандықтардың едәуір бөлігін қамтыды. Дегенмен, аталған көмек әлі де нақтылықты қажет ететіндіктен 2020 жылы оған түбегейлі өзгеріс енгізілетін болады. Олардың нақты параметрлерін оқырман қауым бұқаралық ақпарат құралдарынан хабардар болғандықтан, егжей-тегжейлі тоқталып өткенді жөн көрмедім.

Иә, 2020 жыл бізді қандай жаңалықтармен күтіп тұр? Барлық түйткіл экономиканың жай-күйіне байланысты. Басқа салаларда аздаған өзгеріс барлығына қарамастан, Қазақстан бюджеті 2020 жылы негізінен мұнай бағасына иек артатын болады. Алдағы үш жыл ішінде шамамен Қазақстанда жыл сайын 90-91 млн тонна мұнай өндіріледі деп күтілуде. Оның бағасы Үкімет болжамы бойынша барреліне 55 доллар шамасында. Бұл орайда кейбір сарапшылар мұның пессимистік болжаммен алынғанын, яғни төменгі бағамен белгіленгенін айтады.

2023 жылы Қазақстанда 100 млн тонна мұнай өндіру болжанып отыр. Егер алдағы жылдары әлемдік баға қолайлы болса, экономикаға қосымша қаржы түседі.

Мұнай демекші, осыған байланысты ОПЕК және оған енбейтін елдер арасындағы мәміле туралы да айтпай кетуге болмас. Олардың келісімі бойынша әлемде мұнай өндіру көлемін 2020 жылдың наурыз айына дейін тәулігіне 1,2 млн баррельге төмендетуге шектеу қойылды. Осы есеппен алғанда, баға көтерілуге тиіс. Бұл – әлбетте, Қазақстан үшін қолайлы.

2020 жылы Қазақстанның ішкі жалпы өнімнің өсімі 4,1 процент көлемінде болжануда. 2022 жылға қарай ол шамамен 4,4 процент көлемінде болмақ. Қысқасы, Қазақстанның 3 жылдық бюджетін жоспарлағанда осындай цифрлар негізге алынды. Бірақ, болжамның аты – болжам. Оның нақтылығын алдағы өмір көрсететін болады.

Үкімет алдағы жылдары бюджеттің шығынын бұрынғы жылдармен салыстырғанда, бар болғаны 3 процент өсіммен жоспарлап отыр. Бұл нені көрсетеді? «Арық сөйлеп, семіз шыққанды» білдіре ме, әлде басқалай құпиялар бар ма? Құпия дейтініміз, Қазақстанда қалыптасқан сыртқы қарыз көлемі біршама алаңдатады. Біз оның 2020-2022 жылдары қаншасы өтелетінін, бюджетке бұл орайда қаншалықты салмақ түсіп отырғанын білмейміз. Ал қарыз әрдайым өтелуге тиіс.

2020 жылы Қазақстан бюджетінің табысы трансферттерді есептемегенде, 7,9 трлн теңге болады деп күтілуде. Егер оның 2019 жылмен салыстырғанда 14 процентке жуық жоғары екенін ескерсек, бұл – жақсы көрсеткіш. Жетпейтін ақшаны кәдімгідей Ұлттық қордан ала салатынымыз белгілі. Бірақ Президент осы жолы өте сақтық танытып отырғанын сездірді. Ұлттық қордан ақша оңды-солды жұмсалмайды. Ең бастысы, экономика өз күшімен жұмыс атқаруы тиіс. Ақша тарату үрдісіне тосқауыл қойылып, индустриялық жобаларды қаржыландыруға қатысты көзқарас өзгереді.

Сонымен бірге Президент екінші дәрежелі банктердің халыққа несие беруге қатысты тетіктерін қатайтуға тапсырма берді. Шаралар қазір қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл ең алдымен әлі де түсінігі бұлынғыр қалың жұртшылыққа керек шектеу деп ойлаймын.

Әзірге 2020 жылға арналған Қазақстан бюджетінің бұрынғыдан негізгі өзгешілігі осындай. Жыл барысында болатын жаңалықтарды біз газет оқырмандарына тұрақты жеткізіп отыратын боламыз.

Ж.ӘЛМАХАН.

Әйгерім МЕШІТБАЕВА,
облыстық «Үздік мемлекеттік қызмет аруы-2019» байқауының жеңімпазы:

Белсенділік биікке шығарады

– Кәсіби шеберлік кез келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайды. Сондықтан әрбір адам өзін жетілдіріп отыруы тиіс. Бұл, әсіресе мемлекеттік қызметте қажет. Мен осы дүниелерді естен шығармауға тырысамын. Байқауға қатысуға да осы нәрсе себеп болды.

Жетістік төрінен көріндім. Одан бөлек, аудандағы жастар саясатының дамуына қосқан үлесім үшін «Өрлеу» белсенді жастар сыйлығын иеленді. Жалпы, биыл мен үшін жемісті жыл болды. Ол отбасымның арқасы деп білемін. Мені алға ұмтылдыратын, ерекше күш-жігер беретін жақындарымның қолдауы.

Жаңа идеялар мен бастамалар кезеңі

«Достық үйінде» облыстық ҚХА активінің қорытынды басқосуы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ләйлә Төрешова, этномәдени бірлестік жетекшілері мен мүшелері қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Шара «Анамның бейнесі» атты фотобайқау суреттерінің көрмесінен бастау алды.

Мұнан соң облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Ләйлә Бегалықызы жыл бойы атқарылған іс-шараларды қорытындылап, алдағы жоспарларын айтып өтті.

– Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастың өзіндік үлгісін қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Бүгінде өңірімізде этносаралық қатынастар ахуалы бірқалыпты. Бұл қоғамдық келісімді сақтау бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі деп білеміз, – деді ол.

Облыстық ҚХА құрылымдары жоспарлы жұмыстар жасап келеді. Бүгінде облыс бойынша 165 қоғамдық келісім кеңесі жұмыс істейді. Аймақта медиация институтын дамыту да жүйелі жолға қойылған. Жыл басынан бері қоғамдық медиаторлардың араласуымен 872 даулы мәселенің шешімі табылған. Қазіргі таңда өңірде 1103 мүшесі бар 118 Аналар кеңесі де жұмыс жасауда. Олардың отбасы құндылықтарын нығайтуда, ұлттық рухты насихаттауда маңызы зор.

– Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 3 аймақтық деңгейдегі жобаны жүзеге асырды. Олар – «Қайырымдылық керуені» акциясы, «Ұлы дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы және «Сыр елі – достық мекені» этномәдени бірлестіктердің мәдени күндері. Сонымен бірге «Қайырымдылық керуені» акциясы дәстүрлі түрде жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері қайырымдылық жасаушылардың қолдауымен 686 қайырымдылық іс-шара ұйымдастырылып, 40520 адамға 514 млн 700 мың теңгенің көмегі көрсетілді. Алдағы жылы да игі істер жалғасын табатын болады.

2020 – еліміз үшін ерекше жыл болмақ. Себебі, аймақта республикалық Аналар форумын өткізу жоспарлануда. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25, Ұлы Абайдың 175, Әл Фарабидің 1150, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы атап өтіледі. Келесі жыл жаңа жеңістер мен үлкен жетістіктер жылы болсын, – деді облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Л.Төрешова.

Басқосу аясында облыстық «Славяне» этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Галина Щербакова, облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің мүшесі Бақыткүл Мұсаева, Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Айтжан Оразбақов, облыстық ҚХА жанындағы ҒСТ мүшесі, Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі тарих пәнінің мұғалімі Нұркен Әбдіжәлиев, «Қоғамдық келісім» КММ сарапшысы Светлана Крюгер сөз сөйлеп, биылғы жетістіктерін саралады.

Шара барысында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов сөз алып, мерейтой жылындағы ауқымды жұмыстарға сәттілік тіледі.

– Сіздердің әрқайсыңыз тәуелсіз елдің дамуына және оның қуатты мемлекет ретінде қалыптасуына өз үлестеріңізді қостыңыздар. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы да маңызды рөл атқарды. Соңғы жылдары облыстық ҚХА этносаралық және ішкі саясат мәселелерінде елеулі жұмыстар жасады. Жаңа идеялар мен бастамалардың генераторы болды. Ендігі жерде облыстық Ассамблеяның құрылымдары ауқымды жұмыстарды аудандарда да жандандыруы қажет. 2020 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің 25 жылдығын атап өтеді. Мерейтойға арналған ең жақсы сыйлық біздің игі істеріміз және жақсы жетістіктеріміз болады, – деді ол.

Жиын соңында бірлік пен татулықты берік етіп, руханы жаңғыру жолында аянбай еңбек еткен жандарға Қазақстан халқы Ассамблеясының марапаттары берілді. «Русская община Казахстана» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының жетекшісі Владимир Толоконниковке Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі», облыстық ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы Нұрсәуле Мұсаеваға Қазақстан халқы Ассамблеясының «Құрмет грамотасы», өзбек этномәдени бірлестігінің жетекшісі Қахар Дадашевқа Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс хаты» берілді. Сондай-ақ, облыс әкімі орынбасарының алғыс хатымен этномәдени бірлестіктер, облыстық Ассамблея құрылымдарының белсенді мүшелері марапатталды. Активте жыл бойына облыстық Ассамблеямен бірлесіп, әріптестік бағытта жұмыс жасаған колледждер мен №198 орта мектебі облыстық ҚХА хатшылығының алғыс хатына ие болды. Оған қоса «Анамның бейнесі» тақырыбындағы фотобайқаудың жеңімпаздары анықталып, үздік фото иелеріне жүлделі орындар табысталды.

Ел ырысы еселене берсін

Ізбасар Ысқақов,
Жалағаш ауданы, «Еңбек-Жер» ЖШС механизаторы.

– Ауылда туып, ауылда өстік. Сондықтан шаруашылықтың барлық түрі де бізге жат емес. Бозбала шағымда техника тілін білуге құштарлығым ерекше болатын.

Мамандық алысымен, ауылдағы қайнап жатқан тіршілікке араласып кеттік. «Еңбек-Жер» серіктестігінде 1984 жылдан бастап жұмыс істеп келемін. 1988-1991 жылдары Қызылорда облысындағы совхоз техникумда оқып, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығын алып шықтым. Қазіргі таңда 5 балам, 5 немерем бар. Қандай бір жетістікке қол жеткізсек, осы балалардың несібесі деп ойлаймын.

2013 жылдан бері еңбегімнің нәтижесіне қарай алғыс хаттармен, түрлі заттай сыйлықтармен марапатталдым. Өтіп бара жатқан жылда «Еңбек-Жер» ЖШС-ның төрағасы Искаков Шакизатхан су жаңа Лада Гранта автокөлігін сыйға тартты. Еңбегімді бағалаған шаруашылық төрағасына, ұжымдастарға алғысым ерекше. Елдің берекесі арта берсін!



Евгений Демиденко,
жас инноватор:

Қолдаудың қарымы

– IT саласына деген қызығушылығым анам сыйлаған қарапайым компьютерден басталды. Сол қарқыннан таймай, өзімді дамыттым, жетілдірдім. Нәтижесінде әлемдік деңгейге шығуға мүмкіндік алдым.

Биыл мен үшін де жыл жемісті болды. YouTube видеохостингінің баламасын әзірледім, цифрлық технологиялардың көмегімен «Boeing 757» ұшағының базасы негізінде техникалық және жобалық ұшақтардың апгрейді бойынша жоба дайындадым. Бүгінде ол Ұлыбританиядағы Кренфилд аэроғарыш университетінде іске асырылуда. Мұның барлығы жас инноваторларға қолдаудың зор екенін айғақтайды. Қазір Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінде білімімді жалғастырудамын. Жарқын болашаққа деген ұмтылыс алға жетелейтініне сенемін.

Құрылысшының қолы алтын

Адам өмірінде ерекше есте қаларлық ең маңызды әрі өте қуанышты сәттер болады. Сондай сәттердің қатарына адамның баспаналы болған кезін жатқызуға болады. Өйткені, кешегі арман ақиқатқа айналады. «Мына жылы баспаналы болдық» деп қоныс тойын атап өткен кезеңді ешқашан ұмытпайды. Өтіп бара жатқан жылы осындай баспаналы болу бақыты бұйырғандардың бірі – Аралбай Мұқтасаров отбасы. Олар 11 жыл тұрғын үй кезегінде тұрып, сол жағалауда салынған жаңа үйден үш бөлмелі пәтерге қол жеткізді. Мүгедектер қоғамында «Инватакси» жүргізушісі болып істейтін Аралбайдың отбасында төрт адам бар. Келіншегі Оксана екеуі Нұрғиса және Айару атты ұл мен қызды тәрбиелеуде.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

– Әсіресе балалардың қуанышында шек жоқ. Олардың енді өз бөлмелері бар. Жаңа жылды жаңа қоныста қарсы алуға дайындалуда, – деді Аралбай бізбен әңгімесінде.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде қоныс тойын тойлаушылар артып келеді. Олай дейтін себебіміз соңғы алты жылда Сыр елі құрылыс алаңына айналды. Зәулім үйлер, шағын аудандардың көбеюі тұрғын үй кезегінің көбесін сөгіп, жаңа серпін әкелді. Тіпті, жыл он екі ай бойы сырбойылықтардың қоныс тойына куә болып та жүрміз.

Соңғы 6 жылда тұрғын үй құрылысының көлемі 2,6 есеге өсіп, 2013 жылы 270 мың шаршы метрден 2018 жылы 700 мың шаршы метр көрсеткішке жетіп отыр. Облыс көлемінде 361 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріліп, 7709 отбасы жаңа пәтерге ие болды. Апатты жағдайдағы тұрғын үйлер мәселесі толық шешімін тауып, 713 отбасы жаңа тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Ал 2019 жылы барлық қаржыландыру көздерінен 720,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған болатын. Мемлекеттік бағдарлама аясында барлық қаржыландыру көздері есебінен 1987 пәтерді құрайтын 46 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп, 1738 пәтерлі 40 көпқабатты тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланды. 2019 жылдың 11 айының қорытындысымен облыс бойынша 640,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, бұл көрсеткіш 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,8% өсімді көрсетті.

Бүгінгі күнге 310 пәтерді құрайтын 6 сатып алу құқығынсыз жалға берілетін, 240 пәтерлі 4 кредиттік тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, барлығы 140 аз қамтылған көпбалалы отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді, оның ішінде жеке шаруашылық және кәсіпорындар есебінен 27 отбасы, «Болат Өтемұратовтың қоры» есебінен 100 отбасы, «Орда» жол картасы аясында 6 отбасы, республикалық бюджет есебінен 7 отбасы және «Бақытты отбасы» әлеуметтік бағдарламасы арқылы 165 аз қамтылған отбасылар тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Тағы бір ерекше атап өтерлік жайт – Байқоңыр тұрғындарына да жаңа пәтерлер кілтінің табыс етілуі болды. Жұлдызды қалашықта соңғы 30 жылда алғаш рет 50 пәтерлік бес көпқабатты үй салынды. Жалпы аумағы – 15700 шаршы метр тұрғын үйлердің құны 2 млрд 210 млн теңгені құрады. Көпқабатты бес үйдің құрылысы өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында басталған. Биылғы қазан айында пайдалануға беріліп, қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына тапсырылды. 250 пәтердің 50-і «Байқоңыр» ғарыш кешеніндегі қазақстандық құрылымдарда жұмыс істейтін мамандарға қызметтік баспана ретінде берілсе, қалған пәтерлерге көп жылдан бері кезегін күткен тұрғындар қоныстанды.

Әрине, облыс құрылысшылары тек тұрғын үй құрылысымен ғана айналысып жатпағаны белгілі. Өндірістік нысандар тұрғызып, инфрақұрылым желілерін жүргізді. Құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасында ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылды. 2019 жылы барлығы 25 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілсе, 9-ы пайдалануға беріліп, 16 нысан жоспарға сәйкес 2020 жылға өтпелі болып қалдырылды. Мұнан бөлек, қызылордалық құрылысшылар облыстың Түркістан қаласына тарту еткен халыққа қызмет көрсету кешенін тұрғызғанын айта кету керек.

Маусым айында Арыс қаласындағы орын алған төтенше жағдайдан кейін қаланы қалпына келтіру жұмыстарына барлық аймақ атсалысқаны белгілі. Қызылорда облысына 268 жеке тұрғын үйі бар 6 сектор бекітілді. Құрылыс жұмыстарын атқаруға облыс атынан 20 құрылыс мекемесінен 4 топ құрылып, бекітілген аумақтарда жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қалпына келтіруге келмейтін үйлердің орнына үй иелерінің келісімімен 3 тұрғын үй сатып алынды.

Осы жұмыстарды толығымен ұйымдастырып, бастан аяғына дейін қадағалау жүргізіп, белсенділікпен өз үлестерін қосқан, сондай-ақ жалпы құрылыс саласындағы ұзақ жылғы еңбектері ескеріліп, Құрылысшылар және Тәуелсіздік күнінде бірқатар азаматтар мемлекеттік наградаларға ие болғанын атап өту қажет. Солардың ішінде «Транс Азия Констракшн» ЖШС бас директоры Сүлейман Атаниязов, «ОРИОН LTD» ЖШС директоры Шалқар Жаңабергенов, «Механизатор» ЖШС директоры Юрий Те «Құрмет» орденімен наградталса, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріков пен осы басқарма маманы Ілесбек Әлмаханов, «Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС директоры Қайрат Қозайдаров, «Қызылорда Жоба Құрылыс» ЖШС директоры Данияр Сұлтанбеков «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Интегростройі» ЖШС шебері Темірбек Ибрагимов Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ бірқатар құрылыс компаниясының өкілдері мен құрылысшылар облыс әкімінің Алғысымен, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен марапатталды.

Құрылысшылар еңбегінің арқасында көз жауын алатын зәулім ғимараттар салынуда. Ол елге тұрмыстық түлеу ғана емес, үлкен сәулет салтанатын әкеледі. 2020 жылы да бұл үрдіс жалғасын тауып, Сыр елінің жүздеген тұрғындары жаңа баспанаға қол жеткізіп, қоныс тойын тойлайтын болады.

Агросала алға басты

Шиелінің Ш.Қодаманов ауылындағы «Төңкеріс-К» шаруа қожалығы 2015 жылдан бері тұқым шаруашылығы бағытында жемісті еңбек етіп келеді. Жетекшісі Бауыржан Көпеевтің сөзінше, биыл мың гектар жерге «Лидер» сортты күріш егіліп, оның әр гектарынан 70 центнерден өнім жиналды. Бұл көрсеткішке диқандар жаңа агротехника, гербицид, тыңайтқыш және вакцинаны ұтымды қолданғанның арқасында жетіп отыр. Осылайша мәпелей білсең, жер жомарт екеніне көзіміз тағы бір жеткендей.

Назерке САНИЯЗОВА.



– Мемлекет қолдауы істі ілгерілетіп, кәсібімізді дөңгелентуге үлкен мүмкіндік ашты. Техника паркін жаңалауда «ҚазАгроҚаржы» компаниясының көп көмегі тиді. Он жылға арналған лизинг арқылы комбайндар алдық. Күріш тұқымы, гербицид, тыңайтқыш үшін субсидия берілді, – дейді шаруашылық төрағасы.

Қазір мұнда 115 адам еңбек етуде. Оларды ынталандырудың әртүрлі тетігі қарастырылған. Биыл үздік күрішшілер Бектас Ербаев пен Жұмабек Ишановқа көліктер табысталды. Одан бөлек, еңбегімен көпке үлгі бірқатар қызметкер сыйақы алып, бір марқайып қалды. Бауыржан Көпеев шаруашылық жұмысын ғана ширатып қоймай, ауылды көркейтіп-көгалдандыруға да елеулі үлес қосып жүр. Бір ғана мысал, былтыр кәсіпкердің жеке қаражаты есебінен ауылда спорт кешені бой көтерді. Ел үшін жасаған жақсылығы еленіп, 2017 жылы меценатқа республикалық «Жомарт жүрек» сыйлығы, биыл Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы берілді.

Қазынадан бөлінген қыруар қаржы агросаланың алға басуына сеп. Осы жылдың қаңтар қараша айлары аралығында «ҚазАгроҚаржы» компаниясы арқылы 6,2 млрд теңгеге 179 техника сатып алынып, техника саны 4418-ге жетті. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, егін егу және жинау үшін мемлекет тарапынан арзандатылған бағамен 30 мың тонна дизель отыны бөлініп, шаруашылық құрылымдарына литрі 178 теңгеден жеткізілді. Аграрлық секторды қолдау үшін жалпы сомасы 13,3 млрд теңге бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 28 процентке артты.

Жалағаштық кәсіпкер Толғанай Жұмабеккызы да мемлекеттік қолдаудың шарапатын көріп отыр. Жеңілдетілген бағамен 10 млн теңге несие алған ол Ақсу ауылында жылыжай кешенін іске қосты. Жылыжайда тамыз айынан бастап көкөніс егіліп, алғашқы өнімі тұтынушыға жетті. Шаруасы ширақ, тірлігі тындырымды Толғанай дөңгеленткен жобалар қатарында мал бордақылау ісі де бар.

– Осы мақсатта алаң құрылысын жүргізу үшін аудан басшылығымен өзара әріптестік жөнінде меморандум жасалды. Қазіргі күні қожалықта 75 аналық сиыр, 3 асылтұқымды бұқа бар. Мал бордақылау бағытындағы жұмыс бойынша жоба құны 40 млн теңге шамасында, – дейді ол.

Қазақ халқының ертеден мал шаруашылығымен айналысып, бұл саланы атакәсіп санағаны белгілі. Халық өмірінде маңызын жоғалтпаған ауыл шаруашылығына қолдау көрсетуді мемлекет бүгінгі күнге дейін бір сәт естен шығарған емес. Бүгінде мал шаруашылығымен айналысып отырған шаруалар «Сыбаға» бағдарламасының көмегіне көп жүгінеді.

Сөзіміздің дәлелі, бүгінгі күні 20 шаруашылықтан 2018 бас асылтұқымды ірі қара алу үшін түскен өтініштер қаралып жатыр. Ал 1850 бас сиыр алып келу жобасы қаржыландырылды. Сондай-ақ, 131 шаруашылық 46783 бас қой сатып алуға ынта білдіріп, олардың 32815 бас уақ мал сатып алу жобалары қолдау тапты. Өткен жылы қаржыландырылған 1305 бас асылтұқымды сиыр аналығы облысқа жеткізілді.

№197-198 (19875-19876) 31 желтоқсан, сейсенбі 2019 жыл

Инвестиция: алдағы меже – 481 млрд теңге

Мінеки, бір жыл қас пен көздің арасында өте шықты. 2019 жыл өңіріміздің әр саласы үшін табысты болды десек, артық айтпағанымыз. Соның ішінде индустриялық-инновациялық даму бағытында айтарлықтай жетістіктер бар.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Экономиканы әртараптандыруға және оның шикізат экспортына тәуелділігін азайтуға елімізде жүзеге асырылып жатқан индустрияландыру бағытындағы бағдарламалар ерекше үлес қосуда. Иә, бүгінгі күннің басты талабының бірі – инвестициялық жобаларды іске асыра отырып, ел өміріндегі елеулі істерге жол ашу. Бұл бағытта Сыр өңірінде жүйелі істер атқарылып келеді

Облыста ішкі аймақтық өнімнің – 35, өнеркәсіп өндірісінің 70 проценті мұнай-газ саласына байланысты. Мұнай өндіру көлемі соңғы жылдары төмендеп кетті. Осыған байланысты индустрияландыру арқылы экономиканы әртараптандыру міндеті жүктеліп отыр. Тарих қойнауына еніп бара жатқан 2019 жылы бұл міндетті сәтті жүзеге асырудың арқасында оң нәтижелерге қол жеткізіліп, біршама динамикалық өсу көрсеткіші қамтамасыз етілді.

Мысалы жылдың 10 айы қорытындысымен облыс бұл бағытта республика бойынша даму қарқыны жоғары аймақтар қатарына қосылды. Өнеркәсіптің шикізаттық емес секторындағы өнім өсімі 5,4 процентті құрап, жұмыспен қамтылғандар саны – 71%, ал шикізаттық емес экспорт көлемі 49 проценттен асты.

Аймақта Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында жалпы құны 568 млрд теңгеден асатын 28 жоба іске асырылуда. Бүгінгі күнге дейін оның 8-і іске қосылған. Өткен жыл соңында Шиеліде іске қосылған тампонажды цемент зауыты биылғы жылы жобалық қуатында жұмыс істей бастады. Бүгінде зауыт 6 түрлі өнім шығаруда. Көршілес облыстарға 320 мың тоннадан астам цемент өткізілсе, 26,4 мың тоннасы Өзбекстан Республикасына экспортталған. Ал «Арал тұз» АҚ екі бірдей испан цехын іске қосу нәтижесінде өнімнің 75 процентін экспортқа шығаруға қол жеткізді. Бұдан бөлек, британдық инвесторлармен бірлесіп, жүзеге асырылып жатқан «Баласауысқандық» ванадий кен орнынан 10 айда 203 тонна өнім экспортталды.

Шиелі ауданына қарасты 14-бекеттен бой көтерген «Baikonur Solar» күн электр станциясы Тәуелсіздік күні қарсаңында ашылды. Жобалық құны 23 млрд теңгеге бағаланған бұл нысан күн көзінен қуат алып, сағатына 50 мВт-ға дейін жарық беруге әлеуетті. Күн электр станциясы – экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы және өз құнын толық ақтайтын тиімді қондырғы. Ал артықшылығы – алынатын энергия көзінің қалыпқа келе алатынында және белгілі бір шектеулі ресурсқа тәуелді емес. Оның іске қосылуы еліміздегі жаңартылған энергия көздерінің үлесін арттыру, «жасыл» экономикаға көшу бағытында жасалған зор қадам саналады. Мұнда 23 адам жұмыспен қамтылады. Жалпы құны 646 млн теңгені құрайтын 5 кәсіпорын (3 күріш өңдеу цехы, балық және ақ өндірісі) іске қосылып, 177 жұмыс орны құрылғанын атап өткен жөн.

Қызылорда қаласының Титов шағын ауданындағы индустриялық аймақта еліміздегі ірі инвестициялық жобалардың бірі саналатын шыны зауыты құрылысы жүруде. Жалпы құны 42,1 млрд теңгені құрайтын, заманауи технологиялармен жабдықталатын зауыт іске қосылған жағдайда жыл сайын 197 мың тоннадан астам табақша шыны шығармақ. Оның іске қосылу мерзімі 2020 жылдың шілде айы деп белгіленген. Қазір күні оның құрылысына 270-тей адам атсалысып жатса, зауыт іске қосылған соң 230 тұрақты жұмыс орны ашылатын болады.

Қазіргі таңда «Шалқия» кен орнын игеру, кальцийленген сода жобалары бойынша жұмыстар жалғасуда. Оған қоса, биылғы жылдың мамыр айында өңірімізде ет комбинатының құрылысы басталды. Қуаттылығы жылына 5 мың тонна етті өңдейтін комбинат экспортқа бағытталған, өнімі вакуумды қаптамада шығарылатын ірі кәсіпорынның бірі болмақ. Қармақшы ауданындағы құс фабрикасының құрылысы жалғасуда. Жалағашта күн электр станциясы салынып жатыр.

Облыста инвестиция тарту бағытындағы шаралар тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Олардың арасында жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі Халықаралық «Baikonyr Invest» инвестициялық форумының шоқтығы биік. Мәселен, қараша айының соңында өткізілген XI Халықаралық «Baikonyr Invest» инвестициялық форумы аясында жалпы құны 100 млрд теңгені құрайтын 24 меморандум мен 1 келісім-шартқа қол қойылды. Қызылорда облысының 2020 жылға бекітілген инвестиция тарту межесі – 481 млрд теңге. Осы межені орындауға өткізілген форумдарда жасалынған келісім-шарттар септігін тигізетін болады. «Қызылорда қаласында шыны-пластикалық желілік және сорғы-компрессорлық жоғары қысымды құбырларды өндіру зауытының құрылысы» жобасы бойынша келісімге биылғы жылғы форумда қол қойылса, Жаңақорғанда күн электр станциясын салу келісімі өткен жылғы форумда жасалған болатын.

Ел экономикасының ілгері жылжуына үлес қосатын Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында облыста биыл бірқатар нысан іске қосылып, халыққа қызмет етуге кіріссе, келесі жылы бұл игілікті іс жалғасын табатын болады.

Адами капиталдың алғышарты – денсаулық пен білім

Қоғамда адами капитал маңызды фактор екені белгілі. Ал оны дамытуға үлес қосатын басты салалар ретінде білім беру мен денсаулық сақтауды айтамыз. Себебі, дені сау, білімді ұрпақ ғана мемлекеттің, ұлттың құнды қазынасы, ел ертеңі саналмақ. Осы орайда мемлекетімізде, оның ішінде облыс көлемінде қос саланы дамытуда айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылуда. Биылдың өзінде қаншама тындырымды тірліктің істелгені анық. Тағы бір жылды тәмамдап, Жаңа жылды қарсы алар тұста екі саланың жұмысын саралауды жөн көрдік.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Биылғы жыл облыстың білім беру саласы үшін табысты болды. Мектеп бітірген оқушылардың грант жеңіп, оқуға түсу көрсеткіші 98 процентке жетсе, халықаралық университеттерге жолдама беретін «Astana Garden School» жеке мектебіне грант бөлінуі, халықаралық олимпиадада оқушылардың жетістікке жеткені, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында мектептердің салынуы саладағы – нәтижелі жұмыстың бір парасы.

Биыл 1290 орынға арналған 13 балабақша ашылса, оның екеуі мемлекеттік. Осылайша бүгінде жекеменшік балабақшалардың үлесі 72 процентті құрап отыр. 3-6 жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерімен қамтылуы 100 процентке жетті.

Аймақта үш ауысымда оқитын мектептер жойылса, 2 апатты мектептің құрылысы жүргізілуде. Биылғы оқу жылында 1450 оқушыға арналған 3 жеке мектеп ашылып, жұмысын бастады. Арал ауданы мен Қызылорда қаласында 3 мектептің 450 орынға арналған қосымша ғимараттары пайдалануға берілді. Қаладағы №4, 12, 187, 217, 278 мектептерге IT-лицей статусы беріліп, информатика және робототехника пәндерін тереңдетіп оқытуда. Сондай-ақ, Арал ауданында облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты ашылып, 185 бала қабылданды.

Облыс балаларын халықаралық рейтингі жоғары әлемдегі ірі университеттерге оқуға түсуге дайындау мақсатында биылғы оқу жылынан бастап Нұр-Сұлтан қаласындағы «Astana Garden School» жеке мектебімен меморандумға отырып, бірлескен жоба іске асырылуда. Оған бюджеттен 20,5 млн теңге қаржы бөлініп, 5 оқушы іріктеліп алынды.

Соңғы екі жылда облыстың еңбек ресурстары балансына сәйкес 22 жаңа мамандық ашылды. Техникалық және кәсіптік білім беретін 8 оқу орны жоғары колледж статусын иеленді.

Аймақта сырбойылықтар саулығын жақсарту, аурудың алдын алу, медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру, сапасын көтеру бағытында облыс әкімінің қолдауымен нақты жоспар бекітіліп, мақсатты шаруалар қолға алынған болатын.

Мәселен, 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілгені белгілі. Тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы бағдарламаның негізгі индикаторлық көрсеткіші болды. Соңғы үш жылда бұл көрсеткіш 71,91 жастан 72,8 жасқа өскені байқалды. Аталған бағдарлама аясында медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуын жақсарту мақсатында облыс бюджетінен 2,3 млрд теңгенің құрал-жабдықтары алынды. Осылайша медициналық мекемелердің материалдық-техникалық қамтылуы 78,5 процентке жетті.

Биыл саланы қаржыландыру көлемі 2,2 млрд теңгені құрады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 9 дәрігерлік амбулатория, жергілікті бюджеттен 4 фельдшерлік-акушерлік бекет, 5 медициналық бекет сатып алу жоспарланып, оның 4-уі қолданысқа берілді. Апаттық жағдайдағы ауруханалар орнына Шиелі ауданаралық ауруханасы қолданысқа берілсе, Арал, Жалағаш аудандарында жаңа аурухана құрылысы жүргізілуде.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде облыстық көпбейінді аурухана мен Қазалы ауданаралық ауруханасына ангиографиялық қондырғы орнатылды. Байқоңыр қалалық көпбейінді ауруханасы мен Жаңақорған аудандық орталық ауруханасына компьютерлік томограф орнату жоспарлануда.

Өңірде дәрігер тапшылығын жою мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Биылдың өзінде 95 дәрігер тартылып, олардың 45 проценті ауылдарға жіберілген. Нәтижесінде медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарының дәрігермен қамтылу көрсеткіші 82 процентті құрауда.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында салада ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға көшу» жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде 32 медициналық ұйымға ақпараттық жүйелер енгізіліп, 100 процентке жетті. Кешенді медициналық ақпараттық жүйені қолдану барысында тұрғындардың 95,1 проценті электронды денсаулық паспортымен қамтылған.

Осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде биылғы 11 айда жалпы өлім-жітім көрсеткіші 1000 тұрғынға шаққанда 4,7-ні құраған. Қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім 48,8-ді құраса, ерте сатысында анықтау көрсеткіші 28,3 болды.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Өткен жылы өңірде жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы жарияланған болатын. Биыл екінші жылы қорытындылануда. Бұл кезеңдерде облыстың кәсіпкерлік саласы дамып, бизнеске барынша қолайлы жағдайлар жасалды. Жеткен жетістіктер аз емес. Мәселен, өткен жылы облыста кәсіппен айналысамын деген 3 мыңға жуық жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік сауаттылықтарын ашқан болса, биылғы жылы олардың саны 6 мыңға жеткен.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Екінші жылдың еншісі

Биыл 2746 жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар ісін бастауға мемлекеттік бағдарламалар аясында 1 млрд 383 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант қаражатына қол жеткізіпті. Сонымен бірге, облыс бойынша жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың және кәсіпкерлердің 1319 жобасына 5 млрд теңгеден астам шағын несие қарастырылған. Ал тұрақты бизнестің 134 жобасына екінші деңгейлі банктерден 5 млрд теңгеден астам несие көзі қарастырылса, «Бизнестің жол картасы – 2020», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары аясында несие бойынша проценттік мөлшерлемелері субсидияланды.

– Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау нәтижелерінің арқасында облыстың кәсіпкерлік саласындағы статистикалық көрсеткіштері біршама өсті. Өткен жылдың 1 қаңтарына тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 49991-ді құраған болса, биылғы жылдың 1 желтоқсанына оның саны 2589-ға ұлғайып, 52580-ді құрады. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны бүгінде 3081-ге (7,2%) ұлғайып, жалпы 45423 болды. Өсім өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 106,7 процентті көрсетуде, дейді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов.

Биыл бірінші жартыжылдықта облыста шағын және орта бизнесте 91443 адам жұмыспен қамтылып, шағын және орта бизнес 163 млрд теңгенің өнімін өндірген. Айта кету қажет, соңғы 5 жыл ішінде өңірде шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 4,9 процентке ұлғайып, 2018 жылдың қорытындысымен 16,9 процентті құрады. Бұл көрсеткіш жыл аяғында болжаммен 16%-ке жетеді деп күтілуде.

Аймақта туризм саласын дамыту басты назарда. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жасалуда. Соның бірі – «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» енген «Қамыстыбас» демалыс аймағы, «Жаңақорған» шипажайы, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын дамыту. Бұл ретте, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру туристендіру картасының ТОП-10 нысанына енгізілген.

Қазақстанның туристік картасы – аймақтық және республикалық маңызы бар нысандарды қамтитын карта. Картаның міндеті – 2-3 жыл ішінде халықаралық дәрежедегі объектілер деңгейіне шығу. Оған республика бойынша барлығы 60 нысан енгізілді.

Қазіргі таңда АҚШ-тағы Флорида штатының Канаверал мүйісіндегі ғарыштық туризмнің дамуы үлгісінде «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы туристтік әлеуетті одан әрі дамыту мақсатында «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру Тұжырымдамасы әзірленді. Бұл аймақта сауда орталығы, әлемдік стандарттарға сәйкес қонақ үй, мейрамхана, жаңа телекоммуникациялық байланыспен жабдықталған кино және ойын-сауық залдары, боулинг, бильярд, әртүрлі техникалық арнайы эффектілері бар ғарыштық аттракциондар, «hi-tech» технологияларымен, зымырандардың іске қосылуын бақылауға арналған заманауи қондырғылар, SPA-орталықтар, аквапарк, ұлттық кәдесый өнімдерінің дүкендері, этноауыл, ғарыш мұражайы орналасатын болады. Бүгінде Қармақшы ауданы аумағында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомагистралінің 1579 шақырымында жер учаскесі анықталды, жобаның жер телімін рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Жазда Қызылорда облысының әкімдігі мен «К2АТ» корей компаниясы арасында меморандумға қол қойылды. Оның шеңберінде инвестор бірінші кезеңде демалыс және ойын-сауық нысанының құрылысына 84 млн АҚШ долларын (шамамен 32 млрд теңге) инвестициялауға ниеттеніп отыр. Қазір жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстар жасалуда.

Өңірде қолға алынған екінші туристік аймақ – «Жаңақорған» шипажайының құрылысы. Қазіргі уақытта ауданда 88 орындық заманауи шипажайдың құрылысы жалғасуда. Жобаның құны 906,8 млн теңгені құрайды. Оның 326 млн теңгесін «Байқоңыр» ӘКК қаржыландырса, ал қалған 580,2 млн теңгесі инвесторлардың өз қаражаты. Құрылыс-монтаж жұмыстары 90% аяқталған.

Ал «Қамыстыбас» демалыс аймағын дамыту барысында көл жағалауына 27 кәсіпкер қызмет жасайтын 104 демалыс үйі орналасқан. Өткен жылдың қорытындысымен демалушылардың саны 89050-ге жетсе, биыл туристердің саны өткен жылмен салыстырғанда 15 процентке артқан.

Жалпы өңірде кәсіпкерліктің көкжиегі жылдан-жылға кеңейіп келеді. Кәсіппен айналысамын деген жанға мемлекет тарапынан да барлық қолдаулар көрсетілуде. Тек еңбектенуге деген ниет болса жеткілікті.

Мәдениет – мәңгі мұраттың мәйегі

«Өткен жылға өкпе жоқ» демекші, 2019 жыл мәдениет саласына айтарлықтай жаңғырулар мен жаңалықтарын тартулады. Бұл жылдың «Жастар жылы» болып аталуына орай және «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын жүзеге асыру бағытында 5 халықаралық, 5 республикалық, 35 облыстық конкурс-фестиваль өткізілді.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Әйтеке бидің 375 жылдығына республикалық ақындар айтысы, ғылыми-теориялық конференция, суретшілер симпозиумы, халықаралық «Парасатты поэзия», «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты өнер фестивальдері мен Өзбекстан Республикасында Қызылорда облысының өнер күндері облыс мәдениетінің рухани жетіле түскендігін тағы бір мәрте айғақтады.

Облысымыздағы өнердің қара шаңырағы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры жастар труппасының 9 жас маманы шығармашылық білімдерін жетілдіру мақсатында Орта Азия елдері ішінен тұңғыш рет Ресей Мемлекеттік театр өнері институтында (GITIS) білім жетілдіру курстарынан өтті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында облыстық филармонияның камералық оркестрі түркітілдес елдердің қатысуымен Босния-Герцеговина мемлекетінде өткен классикалық камералық оркестрлер фестивалінде, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі сәуір айында Ғарышкерлер күніне орай Мәскеудің Кремль сарайында жоғары деңгейде өнер көрсетті.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында өткен жылы тарихи-мәдени объектілерінің қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар да өз жүйесін тапты.

Облыстық бюджет есебінен Қышқала, Жанкент, Сығанақ, Сортөбе, Бәбіш мола қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, облыстық музей қоры құнды экспонаттармен толықтырылды.

Республикалық бюджет есебінен Сығанақ, Жанкент қалашықтарына және Қазалы ауданындағы Ғанибай үйіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, биылғы жылы Ресей музейлері мен архивтерінің қорларында сақталған бірегей деректер негізінде «Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулерінің тарихы» атты кітап-альбомы, өңірдің 189 ескерткіші қамтылған «Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар» атты кітабы шығарылды.

Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы жобасы аясында республикалық Қасиетті Қазақстан ғылыми-зерттеу орталығы тарапынан шығарылған «Қасиетті Қазақстан» кітабының III томына Қызылорда облысынан 12 жалпыұлттық, 60 өңірлік маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері енгізілді.

Бұл жылы басқарма тарапынан «Village life», «Жыр мұра», «Sacral тур» жобалары жүзеге асырылды.

Өнердің қара шаңырағы Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына «Академиялық» мәртебесі берілді.

Мәдениет саласы қызметкерлерінің тынымсыз еңбегі мемлекет, өңір тарапынан бағаланып, Қаракөз Ақдәулетова «Құрмет» орденімен, Молдабай Дулатов, Кемеңгер Өтепов «Ерен еңбегі үшін» медалімен, филармония әншісі Үміт Медеуова «Құрмет грамотасымен», театр артисі Залипа Төлепова «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталды. Сондай-ақ, театрдың бас режиссері Хұсейін Әмір-Темір «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атанды.

Облысымыздың мақтанышы, ақын Мұқтар Ниязовтың «Айтыстың ақтаңгері» атануы да Сыр жұртын қуанышқа бөледі.

Мәдениет ошақтарының жай-күйін жақсарту бағытында да айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Арал, Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласына қарасты бірнеше округта жаңа мәдениет нысандары пайдалануға берілді.

Мәдениет саласын келер жылда да Сыр елінің рухани қажетін өтеп, халық мұрасын насихаттау, жәдігерліктерді сақтау, жарқын болашақтың іргесін бекемдей түсу бағытында еңбек ете бермек.

Мұқтар НИЯЗОВ, *ақын, «Айтыстың ақтаңгері», екі мәрте «Алтын домбыра» иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері:*

– Өткен жыл мен үшін табысты, қуанышы мол жыл болды.

Әкемнің алпыс жас мерейтойын жасап, ел-жұрттың ыстық ықыласын, ата-анамның ақ батасын алдым.

Абыз ақсақал, атақты жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің Алматыдағы 95 жылдық тойының шымылдығын арнау жырмен ашу маған бұйырды.

Орал қаласында тәуелсіздік құрметіне өткізілген айтыста 1-орын алып, «Айтыстың ақтаңгері» атандым. Облыс әкімі Қ.Ысқақов қабылдап, осы қуанышымды бөлісті. Белгілі меценат, руханият жанашыры Мұрат Сәрсенбаев ел атынан жеңіл автокөлік сыйлады.

Менің осындай жетістіктеріме жанкүйер болып жүрген барша жерлестеріме рахмет. Жаңа, тышқан жылы сырбойылықтардың әрбір отбасына жаңа бақыт, зор денсаулық, мол табысын ала келсін.

Басылымдар өткен белес

Өткен жыл бірқатар қоғамдық-саяси басылымдар үшін мерейлі белес болып, тарих парағына басылды. Айталық, еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстан» басылымы 100 жылдық тарихын тойлады. Ғасыр жасаған «Егемен Қазақстанның» алғашқы саны 1919 жылы 17 желтоқсанда Орынборда жарық көрген «Ұшқын» газетінен басталатынын білеміз. Одан кейін басылым атауы бірнеше рет өзгеріп, «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ», «Еңбекшіл қазақ», 1932 жылы «Социалды қазақ» деген атпен шықты. Ал 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» болып өзгерді де, осы атпен жарты ғасырдан астам жарық көрді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Ел тәуелсіздігін алған 1991 жылы басылымның аты «Егеменді Қазақстан» болып өзгерді. Бұл кезде оның бас редакторы белгілі жазушы, публицист Шерхан Мұртаза еді. Ал 1993 жылдан бас редактор Әбіш Кекілбаевтың ұсынысымен басылым атауы «Егемен Қазақстан» болды. Осы атпен газет 23 жылдан бері шығып келеді.

Аймақ тарихында айрықша орны бар «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» басылымдары осы жылы 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Жыл бойына басылымның өткені мен бүгінінен сыр шертетін мақалалар, қаламгерлер өмірі жайлы сыр-сұхбаттар жарияланып отырды.

Қос басылымның 90 жылдық мерейтойы аясында өткен «Заманауи медиа кеңістіктегі аймақтық баспасөздің маңызы мен рөлі» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияда басылымдар тарихындағы тың дүниелер қозғалып, талант иелерінің еңбегі терең насихатталды. Аймақтың белгілі ғалымдары мен журналистика саласының қайраткерлері басылымдар тарихынан мазмұнды да маңызды ойларын ортаға салды.

Жазба ақындары арасында «Атыңнан айналайын, атамекен!» тақырыбында туған өлкемен бірге жасасып келе жатқан «Сыр бойы» басылымы тарихын арқау еткен жыр бәйгесі, сондай-ақ, өмірі аңыз ақын Әділ Ботпановты еске алуға арналған «Мені өлді деген сөздер – ертегі» атты жыр мүшәйрасы өтті. Сондай-ақ, «Сыр медиа» серіктестігі ардагерлері мен жастарының арасында спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Қырық мыңға жуық халқы бар Жалағаш ауданының арғы-бергі тарихын түгендеген аудандық басылымның жарыққа шыққанына биыл 85 жыл толды. Сонау 1934 жылы «Колхозшы» деген үнпарақтан бастау алып, одан кейін «Күрішшілер», «Коммунизм үшін», «Коммунизм шамшырағы», «Жаңадария», бүгінде «Жалағаш жаршысы» атауымен тұрақты шығып келе жатқан қоғамдық-саяси басылым әр кезеңнің талабына сай шығармашылықпен еңбек етіп, қалың бұқараның қалтқысыз құрметіне бөлене білді.

Шиеліде Ә.Тәжібаевтың 110 жылдығы мен «Өскен өңір» газетінің 80 жылдығы бірге аталып өтті. Ақын мерейтойына арналған арналған жыр мүшәйрасы, аудандық басылымның тарихы түзілген «Өскен өңір – 80» кітабының тұсауы кесіліп, тақырыпқа сай ғылыми-танымдық конференцияда газеттің өткені мен бүгіні, алдағы басым бағыттары туралы мәселелер тұжырымдалды.

Бір сөзбен айтқанда, қоғам, ел өміріндегі жауапты міндетті арқалап жүрген бұқаралық ақпарат құралдары жаңа медиа кеңістіктің талабына сай табанды еңбегімен табысқа жетіп келеді.

Өнер ұжымының жетістігі

Кемеңгер ӨТЕПОВ,
Қазалы аудандық мәдениет орталығының директоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

– Артта қалып бара жатқан жыл ауданның мәдениет саласы үшін жетістікке толы болды. Жуырда елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар жерлесіміз мемлекеттік награда алған еді. Сол қатарда болу менің ғана емес, өзім жетекшілік жасайтын бүкіл шығармашылық ұжымның табысы деп есептеймін.

Бүгінде орталық жанындағы Мырза атындағы ұлт аспаптары оркестрі, Ж.Тұрсынов атындағы халық театры, «Қорқыт сазы» фольклорлық халықтық, орыс ұлт аспаптары және Әуезовтер отбасылық ансамбльдері тыңдарманды ән-жырмен сусындатып келеді. Ұлттық өнер мен аспаптарды көпшілікке заманауи үлгіде насихаттау мақсатында құрылған «Сейхун» этно-рок ансамблі халықтың сүйіктісіне айналып үлгерді.

Биыл Қызылордада өткен «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестиваліне қатыстым. Алдағы жылда да жетістіктеріміз еселене түсетініне сенімдімін.

Жеңіске толы болды

Нұрым СӘЛІМГЕРЕЕВ,
қазақ күресінен Әлем чемпионы:

– Мен үшін бұл жыл жеңіске толы, серпінді кезең болды. Басты жаңалық – Ақтөбеде өткен Әлем чемпионатында жеңіске жетуім. Байрағымыз көкте желбіреді. Көптен бері көкейде жүрген мақсатым болатын. Енді сол биігіміз аласармаса екен.

Бұдан бөлек, Жақсылық Үшкемпіров атындағы халықаралық турнирде топ жардым. Петропавлда Қазақстан чемпионы атандым. Мұның бәрі – жаттықтырушының тиімді техниканы үйретіп, оны өзіміз дағдыға айналдырып, әдіс-айланы меңгерудің арқасы. Түптеп келгенде, маңдай тердің жемісі бұл. Аймақтың абыройын асқақтату бағытында әлі де еңбек ете береміз. Бұл – менің ғана емес, Алтай мен Атырау аралығында қазақ баласының жеңісі.

Еліміздің абыройы арта берсін. Жаңа жыл толағай табыстар мен құт-берекеге толы жыл болғай!

20 жыл бойы күткен кубок

Думан НӘРЗІЛДАЕВ,
«Қайсар» футбол командасының ойыншысы:

– Биыл мен үшін жемісті әрі жаңашылдыққа толы жыл болды. Өйткені командаммен бірге жаңа жеңістерге қол жеткіздім. Жанкүйерлер 20 жыл күткен кубокты жеңіп алдық. Чемпионат басталмас бұрын екі ай Түркияда жаттықтық. Өткен жылғы тапсырмамызды орындап, биыл үштікке кіреміз немесе кубокты аламыз деп мақсат қойдық.

Біз бар күшімізді осы кубокқа жұмсадық десек те болады. Әрине, бұл оңайлықпен келген жеңіс емес. «Оңтүстік Академия», «Ертіс», «Тобыл», «Атырау» секілді азулы командаларды жеңіс жолынан тайдырдық. Енді мақсат белгілі, Еуропа лигасында өзімізді тағы бір дәлелдеуіміз керек. Еселі еңбегіміз бағаланып, аймақ басшысының «Сыр үміті» жастар сыйлығының иегері атандым. Сонымен қатар қыркүйек айында шаңырақ көтердім. Бұл да осы жылғы қуанышымның бір бөлігі.

Келер жылы бізді жауапты ойындар мен Еуропа лигасы күтіп тұр. Қаңтар, ақпан айында жаңа құраммен толығып, тиянақты дайындықты жалғастырамыз.

Бақ пен бап

Жыл қорытындыланатын кезде спортшылар қауымы облыс орталығында бас қосты. Мақсат – жылжабар жиынға қатысып, саланың өзекті мәселелеріне көз жүгірту және қателіктен сабақ алып, келер жылы қаперде ұстау. «Мұз айдыны» кешеніндегі шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Акимов, алқа мүшелері Райкүл Байназарова, Ғалымбек Жақсылықов және сала қызметкерлері қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Облыста дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі көрсеткіші тұрақты дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар санын ұлғайту арқылы көрінеді. Бүгінде спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар саны 30,2 процентке көтеріліп, 243 мыңнан асты. Бұқаралық спортты дамыту үшін 282 спорт нұсқаушысы 138 елді мекенді қамтып, 41 мың адамды тұрақты дене шынықтырумен шұғылдануға баулып келеді. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен клубтарында дене шынықтыру және спортпен шұғылданатындар саны 27 мыңнан асып жығылды. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі жолы – жарыстарды көптеп өткізіп, халықты спортқа тарту. Бұл реттегі жұмыстардың қаншалықты атқарылып жатқанына өздеріңіз куәсіздер, – деді Н.Байқадамов.

Жыл басынан мектеп оқушыларының арасында «Нашақорлыққа жол жоқ!» «Бәрің де жарысқа!» атты көңілді эстафетаға және

қазақ күресінен өткен «Алтын белбеу» турниріне 16 мыңдай спортшы қатысқан. Әлбетте, бұл – жаттықтырушылар мен нұсқаушылардың тынымсыз еңбегінің арқасы. Жиында 8 спортшыға түрлі деңгейдегі атақтабысталды. Олардың қатарында бокс жаттықтырушысы Сейітжан Төкенов «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы» атағына қол жеткізсе, еркін күрестен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дәулет Ниязбеков «ҚР еңбегі сіңген спорт шебері» атағымен марапатталды. Ал қалған спортшыларға ҚР спорт шебері куәлігі табысталды.

Мәнерлеп сырғанаудан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Элизабет Тұрсынбаева, еркін күрестен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дәулет Ниязбеков және бокстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев «Жылдың үздік спортшысы» атанды. Ал «Жылдың үздік жаттықтырушысы» атағына әмбебап жекпе-жектен облыстың аға жаттықтырушысы Нұрбек Жармаханов, байдарка және каноэде есуден облыстың аға жаттықтырушысы Мұхитдин Мейірбеков, стенд атудан облыстың аға жаттықтырушысы Максим Коломоец лайық болды.

Жыл басынан қалалық және аудандық спорт бөлімдерінің жетістіктері сарапқа салынады. Қызылорда қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі жылдағы дәстүрден жаңылмады. Биыл да топ жарып, I орынды қанжығаға байлады. Жаңақорған ауданы II орынды еншілесе, үздік үштікті Сырдария ауданы түйіндеді.

Спорт мектептері арасында I орын №1 олимпиадалық резерв мектебіне бұйырды. Ал II орынды №8 Жаңақорғандағы олимпиадалық резерв мектебі алса, №13 Жалағаш ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі III орынға қол жеткізді.

Жетістік желкенін кергендердің бірі – бокстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев биыл тәжірибе жинағанын жеткізді.

– Мен үшін 2019 жыл табысты болды. Әрине, әттеген-айларымыз да бар. 2017 жылы алған күмісімді алтынға жеткізіп, Әлем чемпионы болсам деген мақсатым болатын. Әйткенмен, тағы да күміс жүлдеге қол жеткіздік. Қаншама елдің мықтылары бақ сынасатын байрақты бәсекедегі бұл жетістік те жаман емес. Келер жылы Ресейде чемпионат, Қытайда лицензиялық турнир өтеді. Сонда бағымызды сынаймыз. Амандық болса, лицензияны қолға түсіріп, Олимпиада төрінде көк байрағымызды желбіретсек деген мақсат бар, – дейді ол.

Еркін күрестен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дәулет Ниязбеков те осы жылдың олжалы болғанын айтады.

– Биыл алға қойған мақсатымыз орындалды. Әлем біріншілігіне лицензия аламыз деген жоспармен шыққан едік. Оған да жеттік. Әйтсе де, қол қусырып қарап қалмау керек. Сол біріншілікте алтын аламыз деп едік, ол орындалмай қалды. Алдағы жылы алтын алуға жұмыс істейміз. Қазір Олимпиадаға дайындық қызу. Оған мен екінші мәрте бармақпын. Сондықтан дүбірлі додадан құралақан қайту – маған ұят. Бәрі маңдай термен келеді, қазірден еңбектенудеміз, – дейді ол.

Шара аясында аймақтағы бірқатар БАҚ өкілдері Сыр спортын насихаттағаны үшін «Ең үздік спорт журналисі» номинациясын иеленді.

№197-198 (19875-19876) 31 желтоқсан, сейсенбі 2019 жыл

Бас маман

(әңгіме)

Аспан айналып жерге түседі. Ауадан от соғып тұр. Дәулетбек көшеде емес, бейнебір жан-жағынан жалын үрлеп тұрған үлкен пештің ішінде келе жатқандай. От, тура от! Қалтасындағы қарабақырын үнемдеп автобусқа мінбеп еді. Мына күннің дәл бүйтіп жанып кететінін білмеді. Азанда ерте шықты ғой. Әй, бірақ сол автобусын да оңып тұрған жоқ. Қапырық. Әсіресе қазіргідей түстің кезінде, о-о-ой айтпа. Түстік асқа асығып, қойдай топырлаған жұрт. Бір-біріне амалсыз жабысқан адамдар. Неше түрлі иіс-қоңыс. Тердің, қолтықтың, жуылмаған ауыздың, бұзылған тістің, шуаш аяқтың... И-и-и, кәпір. Денесі тітіркеніп, түршігіп кетті. Қой, одан да осы жаяуы дұрыс. Енді бір он минутта үйіне де жетеді. Әттең, көшелерде жөнді тал-теректің, сонан да сая болар көлеңкенің жоғын айтсайшы. Егерде анау Шымқаладағыдай көкке оранған көшелер болса, бұл түк те қиналмай, жаз айларында да алаңсыз жаяу жүрер еді. Мынау ғой енді, бірдеңеден құр қалғандай, қақ төбеге қасқайып шығып алған от сәулелі күн шекесін тесіп, миын қақтап барады.

Ол өстіп бой-бойы шығып, самай тері сүмектеп, шыжғырылып жүріп отырып баспанасына да жетті. Көпшілік «Хрущевтің үйлері» атап кеткен бетон тамдардың бірі. Бесінші қабат. Подъезге басын сұға бергенде өжіренің жыл он екі ай бойы кетпейтін жүрек айнытар жаман иісі бетіне лап ете қалды. Тыржыңдаған күйі жылдамдатып жоғары көтерілді. Есігінің алдына келіп сәл демін басты. Ішке кірді. Сөйтсе үйі де жетісіп тұрмапты. Сырттан айырмашылығы жоқ. Қайта далада аз да болса ауа бар және құрғақ қой. Ал пәтері... Нағыз монша дерсің.

– Мынау үй сауна болыпты ғой, – деп күңк ете қалды терге малшынған көйлегін шеше беріп.

Сол-ақ екен, әйелі Есенкүл:

– Әй, енді тамақ ішіп жатқан жоқпыз ба, шәйнек қайнады. Қыздар су ысытып кір жуды, үтік басты. Не дейсің маған, аядай жер осылай болмағанда қайтеді? – деп баж ете қалды.

О, сорым десейші. Сауналы айтып несі бар еді. Осы үйдің монша болып кететінін бірінші рет көргендей. Қазан асса болды сөйтеді ғой. Тамақтың өзі ғана емес, үй де қоса қайнайды. У-у-уһ, енді мына қатынның «тормызы» ұстай қойса болар еді, жаңа бекер «қоттады». Әне-әне... «жылдамдығын арттырды»:

– Сен қатарлы еркектердің барлығы баяғыда жер үй салып алды. Менің қақсауымның кемі жоқ. Кежегең кейін тартады да тұрады. Я өзің ұмтылып қимылдамайсың, я жұрттың айтқанын істемейсің. Отыр енді осылай саунаға түсіп, ыбырсып. Қазір де ештеңе емес. Ертең ана бала қатын әкелгенде көресің қызықты. Келінінмен башпайынды түйістіріп жатасың...

Дәулетбек үй киімдерін алып жуынатын бөлмеге кіріп кетті. Сар еткізіп суды ағызды. «У-у-уһ, жақсы болды ғой. Есенкүлдің бажылдаған даусынан судың осы сарылы дұрыс» деп ойлады. Сонан соң қолын, бет-ауызын сабындап жуды да, әрі қарай шыдамай, су бүріккішті қосып астына тұра қалды. Айхай! Айхай! Әуелгі сәтте ысып тұрған денесі салқындау суға аздап тітіркеніп еді, артынша үйреніп кетті. Салқын дегенде, бұлардың суы анау айтқандай мұздай емес. Пәленбай шақырым жердегі су айдайтын қоймадан жетемін дегенше күннің қызуымен жылып, үйге томыртқалағандай болып келеді. «Бұл да болса Құдайдың қарасқаны шығар», дейді бұл өстіп рахаттанып жуынып жатып. Әйтпесе қалалықтар баяғыда құрғызып алған «Аристон» деген су ысытқыш та жоқ бұларда. Ал онсыз, бұлай жуынбақ түгілі, мұздай суға саусағыңның ұшын да тигізе алмайсың. Қызығы – қайнаған жаздың өзінде қаладағы барлық үйдің суы бүйтіп жыли бермейді. «Шығыс» шағын ауданында тұратын інісі Ниязбектің үйіне барғанда көріп жүр ғой, қырық күн шілдеде де суларының «сағы сынбайды». Шекеңді жарып жіберетіндей тастай. Жер астынан бұрғылау арқылы алынатын су дейді. Ал бұлардыкі басқа жақтан келеді. Әлгі «Аристонды» құрдырайын деп ойлайды. Бірақ, соның бір сәті түспейақ қойды. Бір жағынан ыстық су беріп қала ма, деп те үміттенеді. Қайдан білсін, әйтеуір осы жерге әкім болып келген дөкейлердің бәрі алғашқы жасаған жиындарындағы алғашқы сөзін: «Облыс орталығын ыстық сумен қамтамассыз етемін» деп бастайды ғой. Бұл соған кәдімгідей сенеді.

– Дәулет, тамағың суып қалады ғой, тез шықсайшы.

– Қазір, қазір, міне, болдым.

Мына судың жағып бара жатқаны-ай! Тіпте шыққысы жоқ. Жанның рахаты дерсің. «Қой, Есенкүлдің жынына тағы да тимей тұрғанда тезірек шығайын. Өзінің үні де жаңағыдан біраз бәсеңдепті. Дауыс температурасы мына су құсап жылып кеткен бе, қалай?» Ол киініп жатып жымиып күліп қойды.

Дастарқанға келіп отыра бергенде кіші қызы Меруерт:

– Папа, телевизордың антенні бұзылып қалды. Быж-быж етіп түк көрсетпейді. Жөндеп берші, – деді.

– Иә, айтпақшы, уақытың болса жөндеп кетші, әлгі сериалымыз бар ғой көретін, – деді әйелі де қызының сөзін іліп алып.

Бұл үндеген жоқ. Не десін. Аузын ашса болды, Есенкүл бастап, қыздар қостап жамырай жөнелетіні белгілі.

– Жұрттың «Отау-ТВ» қосып алғандары қашшан. Біз отырмыз қолдан істеген ескі темірмен быж-дыж, қырт-шырт еткізіп.

Расында, бұлардан басқаның бәрі сол «Отау» дегенді құрып алды-ау, сірә. Өйткені үйдің шатырында, кейбір балкондарда үлкенді-кішілі «домалақтар» қаптап кетті. Обалы не керек, Есенкүл де, балалары да көршілер арнайы мамандарын шақыртып құрғызып жатқанда: «Біз де қалмайық, құрғызайық», – деп айтудайын айтты. «Соның не керегі бар?» – деп көнбей қойған мұның өзі. Жөнде енді, жаман әнтеніңді!

Мырс етіп күліп жібергенін Дәулетбек өзі де байқамай қалды.

– Не болды? – деді әйелі таңыркай қарап.

– Жәй, ештеңе емес, есіме бір нәрсе түсіп кеткені. Жөндеймін қазір. Сен шай құйып қоя бер, суый тұрсын. Мен жөндей берейін.

– Тамағыңды жеп алсайшы.

– Иә, арасында жей берем ғой.

Ол орнынан тұрып, анадай жердегі теледидардың жанына барды.

Чебурашканың құлағы тәрізді қалқайған антеннаны түбінен ажыратып алып жарықтау жерге, терезенің алдына таман келіп отырды. О жақ, бұ жағын қарады. Ештеңе көрінбейді. Бәрі орнында сияқты. Мүмкін кінәрат теледидарға қосатын тетікте шығар? Иә, тапты. Соған жалғанған өзек сым үзіліп кетіпті. Айналасындағы майда сары сымдар ғана ұстап тұр. Бәрін ашып өзек сымның резеңкесін жоныпп, ұзартып жалғау керек.

– Пышақты берші. Меруерт, астына төсейтін газет әкел.

Резеңкені пышақпен жона бастап еді, қиқа-қиқасы шықты.

– Өй, мына біреу добалдай, дұрыс өтпейді ғой, жұқалау пышақты әкелші. Бағдат, сен балконды ашшы, күн түссе түссін, өкпем қысылды. Уһ, мына күннің қайнауын-ай!

Ол мойнындағы сала құлаш сүлгісімен маңдай терін сүртіп, бір ұшымен желпіне бастады. Осы кезде ана бөлмедегі шалбарының ышқырында ілулі тұрған ұялы телефоны әндетіп қоя берді. «Кім екен бұл, әбеттің кезінде де дамыл бермей жатқан? Өзі әнтенін жөндей алмай отырса». Жыны келсе де амал жоқ, барып алды. Бірге жұмыс істейтін Айтжан деген жігіт екен.

– Әлө?

– Дәулетбек, жаңалықты естідің бе?

– Жоқ, ол қандай жаңалық?

– Қазір айтам, бірақ құлап қалма.

– Иә, болсайшы енді, әлі шайымды да дұрыс ішкен жоқпын.

– Біздің комитетке кім бастық болғанын айтайын ба?

– І-і, кім болыпты?

– Сенің курстасың Нұрлан Маханбетәлиев!

– Қойшы ей?!

– Иә, жаңа Астанадағы жігіттер звандады.

– Қой, шын ба?

– Шын болмағанда. Қайраттың өзі айтты.

– А-а, Қайрат айтса, солай ғой онда.

– Қой, жақсы, шайыңды іш, қалғанын келгесін айтармыз.

– Жақсы, жақсы.

Дәулетбек телефонын орнына салды да, сол жердегі диванға сылқ етіп отыра қалды. «Мә-ә, қалай, ә?! Қалай, ә?! Өзімен бірге оқыған жігіт комитет төрағасы!...»

– Папа, міне пышақты әкеліп қойдым.

– Дәулет, шайыңды ішсейші енді суып қалды ғой, тамағыңды да дұрыс жеген жоқсың.

– Иә, міне, бара жатырмын.

Ол орнынан самарқау көтерілді.

– Не болды? Жайшылық па?

Сірә, бетінде өзгеріс бар-ау.

– Жәй, әшейін. Анау Астанадағы үлкен бастығымыз ауысыпты.

– І-і. Мейлі ғой, саған бәрібір емес пе, кім болса да.

– Иә, иә, дұрыс айтасың, маған бәрібір, Иван болса да!

Дәулетбек осылай деді де, кеседегі суып қалған шайды сіміріп салды. Сосын жаңағы орнына барып отырып антенна мен пышақты қолына алды. Іші алай-дүлей. «Қызық-ай, ә! деп ойлады. – Қызық-ай! Нұрлан. Өзімен бірге оқыған кәдімгі Нұрлан. Комитет төрағасы. Анау-мынау емес, еліміздің есеп-қисап жөніндегі комитетінің бастығы! Оған барлық облыстардағы басқармалар қарайды. Барлығы соның қол астында. Мұның жұмысы – сол көп басқармалардың бірінде. Бас маман. Пішту, жетісіп қалыпсың. – Ырқ етіп күліп жіберді. Еркінен тыс. Артынша газет бетіне тырс-тырс етіп бірер тамшы үзіліп түсті. – Өй, әк-ке-е...

Сүлгісімен мойнын, қолтығын сипады. Сөйтті де резеңкесі жонылған өзек темірді түзетіп, жанындағы ұсақ сары сымдарын екі жаққа бөліп біріктіріп бұрай бастады.

– Иә, – деді осы кезде ішкі ойы қайта жалғасып. – Нұрлан, институтта бірге оқыған Нұрлан Маханбетәлиев енді төраға. Бұлардың ең үлкен, ана-а-ау биіктегі бастығы. Мұның отырысы мынау. Жер мен көктей айырмашылық! Расында ғой. Аралары аспан мен жер! Қаласаң да, қаламасаң да, мойындасаң да, мойындамасаң да, шындық осы! Қызығы, бұл алдына газет жайып жіберіп чебурашканың құлағы тәрізді қалқиған ескі антеннасын жөндеп, терге малшына-е-еп отырғанда Нұрлан курстасы ана жақта комитет төрағасының орынтағына жайғасып жатыр. Ойпырым-ай, ә?! Негізі біздің жігіттер жарайды! Шеттерінен ірі. Мүйіздері қарағайдай. Біреуі агенттік бастығының креслосында. Тағы бірі үлкен холдингтің президенті. Жеке бизнестерін дөңгелетіп, біреу ғана емес, үшеу-төртеуден серіктестіктер мен компаниялар құрып алып, бүкіл әлемдегі, тұқым-зәузатын, қала берді жора-жолдас, ауылдастарын жұмыспен қамтып көптің ықыласына бөленіп, өзін де, өзгені де жарылқап жүрген жігіттер қаншама?!

– Папа, болдың ба? Анандидің киносы басталып кетеді ғой.

– Иә, иә, болдым, қызым, болдым. Қазір қосамыз.

«Ғыж-ғыж, дыж-дыж, қытыр-шытыр, пытыр-пытыр». У-у-уһ, неше түрлі дыбыс шығарып барып қосылды-ау, әйтеуір. Өй, мыналардың бет-ауыздары қисайып кетті ме, немене?

Ол «қалқан құлақты» оңға, солға бұрап, теледидарға жалғасатын жерін қайта-қайта нығарлады.

– О, енді жақсы болды!

Меруерт қуанғанынан екі қолын шапаттап-шапаттап жіберді.

– Біздің папамыз бәрін біледі,біздің папамыз маладес! – деді сосын бұның белінен құшақтап.

– Ал енді көре ғой, мен жұмысқа кетейін. Мыналарды жинай сал.

– Кеткені несі, шайды ысытып әкелдім, бір-екі кесе ішсейші, қазір шөлдейсің ғой, – деді әйелі шыр-шыр етіп. – Мына бір әнтені құрғырда...

– Жоқ, ішпеймін, кешігіп қалармын, кете берейін.

Дәулетбек қолын сабындап жуды да, быршыған мойнын, кеудесі мен арқасын алақанымен ысып-ысып жіберіп, сүртінді. Сонан соң тез-тез киіне бастады. Кенет... Көңілі құлазып сала берді. Біртүрлі. Ештеңеге зауқы болмай, ешқайда барғысы келмей қалды. Ілкі сәт түк түсінбей аңырып тұрып қалды. «Бұл не? Не болды маған? – деп ойлады. Білмейді. Ештеңе білмейді. Ешқайда барғысы келмейді. Бірақ, жұмысқа баруы керек қой. Жо-о-оқ. Барғысы келмейді. Түк те барғысы келмейді. Ей, мейлі, бармасам бармай-ақ қояйыншы. Бір рет, жарты күн қалғаннан ештеңе болмас. Тіпті сол, анау айтқандай алып бара жатқан да жұмыс емес. Комитет төрағалығының қызметі емес қой, ол.

Қалай тез киінсе, солай тез шешінді де, гүрс етіп диванға құлай кетті. О-о-ох. Қандай рахат! Жұмысқа бармайтыны қандай рахат! Көзін жұмды. Ештеңе ойламауға тырысты. Осылайша қара буалдыр дүниенің ішінде дым сезбей, меңіреу күйде жатқысы келді. Неге екенін білмейді, дәл қазір бұған ешнәрсе қажет болмай тұр. Сынық сөз де, оймақтай ой да. Ешнәрсе, ешнәрсе қажет емес!

– Бағдат, келсейші тез, Ананди басталды. Әдемі көрсетіп тұр. Бұрынғыдан да әдемі.

Қап, есікті дұрыстап жабуды ұмытып кетіпті-ау. Ашылып кеткен ғой. Ол да қайбір есік дейсің. Көтеріп барып итермесең кәсегімен жымдасып жабылмайды. Әй, өзі де алаңсыз үйіне қарауды қойған екен. Бүгін соны қатты сезінді. Мына балаларына қандай обал. Әлі баяғы арты тоңқиған ескі телевизорды көріп отыр. Антеннасының түрі анау. «Біздің папамыз бәрін біледі, біздің папамыз маладес», – дейді байғұс бала қуанып. Қайтсін енді. «Сенің әкең маладес емес, екі аяқты біреу әйтеуір жыбырлап жүрген. Сенің әкең бәрін білмейді, тұқ те білмейді, боқ та білмейді», – деп айтатын адам жоқ-ау оған. Бір-екі рет естіп қалып еді, бірақ соған онша мән бермепті. Ауылдағы ағайындарының бір келіндері бұны «Лаж қайнага» деп атайды екен. Дұрыс айтқан. Қалай дәл тапқан, ә?! Дәл тапқан! Лаж ғой шыннан да, лаж. Әйтеуір кеудесінде жаны бар. Басқа ештеңе жоқ. Ештеңе! Әйтпесе не, анау төраға болып жатқан Нұрланнан бұның қай жері кем? Ол да осы сияқты ауылдың баласы. Бірге оқыды, бірдей оқыды. Тіпте екеуі жақсы дос та болған. Тоқта... тоқта. Енді есіне түсті. Ол сол кезде-ақ удай пысық еді. Көзге түскенді, бірдеңелерді басқарғанды тәуір көретін. Түрі суық-тұғын. Бірақ соған қарамастан, кісіге жұғысқыш болатын. Ал, бұл керісінше. Ешкімге жоламайды. Көзге түскенің не, қайта «Түспесем екен, ешкім мені көрмесе екен». Міне, бар арманы осы. Кісікиік. Нағыз кісікиік! Түрлі жиындарда, басқосуларда жұрт лауазымды адамдармен, басшылармен жапатармағай амандасып, сәлемдесіп, хал-жағдайларын сұрап іші-бауырларына кіріп жатады ғой, бұл... жоқ-жоқ, қақиып қалады. Шырт түкіріп шіреніп жүрген шекпенділерді көрсе, тіпті шайтаны ұстайды.

Нұрлан. Міне, нағыз жарайтын, орысша айтқанда «молодец» әке – Нұрлан. Ол бұған дейін де жәй жұмыс істеген жоқ. Кілең басшылық, орынбасарлық қызметтерде келеді. Сонан да оның балалары, бұның жалғыз ұлы сияқты колледжде емес, шетелдерде, Кембридж, Оксфорд университеттерінде оқып жүр. Ал отбасы тұратын вилланың сән-салтанатын онымен қатысатын жігіттер айта алмай отыр.

Жарайсың Нұрлан! Сен бүгін комитет төрағасы, яғни мына бас маман курстасыңның зәу биіктегі бастығы, ең үлкен бастығы болып қана қойған жоқсың, оны үлкен ойға қалдырдың. Расымен де, осыған дейін сол орынға талай адам келіп, талайы кетіп жатыр. Бірақ солардың ешқайсысы әсер етпейтін бұған. Олар кім, қайдан келді, еш шаруасы жоқ-тұғын. Ал мынау... қызық екен. Дәулетбек өзінің кім екенін, қай деңгейге келгенін бүгін ұқты. Алғаш рет.

Қалта телефоны сыңғырлай жөнелді. Өй, сөндіруді ұмытып кеткенін қарашы. Жұмыстан ізде жатқан шығар. Иә, солай екен. Айтжан ғой.

– Әлө?

– Дәулетбек, қайда жүрсің? Бастық ізде жатыр сені. Тез келсей.

– Ауырып қалды дей салшы. Басым біртүрлі болып тұр шынымен.

– Жұмысқа байланысты ізде жатқан жоқ. Саған бірдеңе айтамын дейді. Қазір өзі хабарласады онда.

– Иә, жарайды.

Ұялыны үстелдің үстіне қойды да, қайтадан қисайды. Шалқасынан жатып аяқ-қолын созып, керіліп-керіліп алды. Денесі біртүрлі дел-сал болып қалған сияқты. Айтпақшы, Есенкүл: «Жұмысыңа бармайсың ба? Бұл не жатыс?» деп неге бір соқпай жатыр. Әлде ұйықтап қалды ма екен? Жо-жоқ. Киноның қызығына түсіп кетіп, бұның шыққан-шықпағанын байқамай қалды-ау, сірә.

Телефоны тағы да дыбыс берді. Айтқандай-ақ бастығы Саймағанбет екен.

– Әлө?

– Дәулетбек, сені құттықтайын деп звондап отырмын.

– Неге?

– Ау, курстасың Нұрлан Тастыбайұлы біздің комитеттің төрағасы болды ғой. Естіген жоқсың ба?

– Естідім ғой. Менің басым ауырып, мазам болмай... Сонан жұмысқа бара алмай...

– Басыңды жазамыз. Жұмысты қайтесің. Қазір бір сағаттан кейін «Яксарт» кафесінде күтем. Жуамыз.

– Мен бар-р-м-м...

– Дук-дук-дук...

Өй, мынау. Ү-ү-үһ. Не болды мына бастыққа? Көңілді ғой өзі. Ұрысатын шығар десе. Әшейінде жұмыстан бес минут кешіксең: «Ұялмай қалай нан жеп жүрсіңдер. Тамақтарыңнан қалай өтеді? Бұл күнә емес пе?» – деп жерден алып, жерге салып, ит терісінді басыңа қаптайтын еді. Ал бұлардың Құдайдың құтты күні кешкі сағат сегіз-тоғызға дейін және сенбі күндері ақысыз-пұлсыз жұмыс істейтіндерін қаперіне алмайды. Енді нағып өзгеріп қалған? Айтпақшы, не деді, жуамыз деді ме?

Иә, обалы не керек, қанша «өзінше әлем» болса да, кейде-кейде, көңілі соққанда, өстіп екі-үш жігіттің басын қосып ащылайтыны бар. Сыйлас дегендерімен, әрине. Бұл да анда-санда сол «сыйластардың» қатарына кіріп қалады. Өйткені Саймағанбет бұдан екі курс кейін оқыған. Яғни, әлгі Нұрлан, бұл – үшеуі НарХоз-дың бір факультетін бітірді.

Түк заукы соқпаса да Дәулетбек әрі-бері ойланып, «қой, барайын» деп шешті.Әйтпесе бастығы ренжіп, қитығып қалуы мүмкін. Оның үстіне жарты күн жұмысқа бармаған айыбы бар. Ендеше кібіртіктемей тезірек шыққаны дұрыс. Жетем дегенше әлгі айтқан уақыты да болады.

Күн әлі от болып тұр екен. Қайтпаған. Көйлегінің жағасы су болмасын деп беторамалын ұзынша қылып бүктеп мойнына салып алды да, «тегін көлігімен» тартып кетті. Бұл тұратын шағын аудан мен «Яксарт» кафесінің арасы едәуір жер. Шындаса 35-40 минутта, ал ауанымен, орташа жылдамдықпен жүрсе 50-55 минутта баруға болады. Бұл орташаны қалады. Жанығып не бар, оның үстіне күннің түрі мынау. Ертең күз түсіп, ауа райы сәл салқындасаншы, «жылдамдықты арттырудың» көкесін көрсетеді сонда. Эх, жаяу жүрудің өзі бір рахат қой. Әсіресе жанға жайлы қоңырсалқын кездер мен қыстың күндері. Көгала шаң көтеретін дауыл емес, жерде қар барда соғатын жел, оған бетіңді тосып қарсы жүру рахаттың рахаты. Жүзіңді қарып, жігеріңді жаниды, өң бойыңды дүр сілкіндіріп, денеңе қуат береді, рухыңды көтереді. Сол сәттегі керемет сезімді бастықтар білмейді-ау деп ойлайды бұл. Өйткені басекеңдер өмірі мәшинеден түспейді. Қарға адым да жаяу жүрмейді. Бейнебір шешелері мәшиненің ішінде туған сияқты. Сонан ғой, әуелі бастық болған кездерінде әп-әдемі, жіптіктей жігіттер көп уақыт өтпей-ақ қарын байлап, аяғы ауыр әйелдер құсап шыға келеді. Ілуде біреуі, онда да ауру-сырқауы болмаса, арық бастық көрдіңіз бе? Емге таба алмайсыз. Бәрі шұжықтай ғой, шұжықтай. Кейбіреулері осы «ш» әріпінен келетін әнебір жануарға ұқсайды. Пілдейлері де аз емес. Бұл ондай шенеуніктерді жаман аяйды. Ха-ха-ха! Ойының түрін қара. Кімді кім аяғандай десейші. Олар бұны аяйды әрине... «О, байғұс түрін қара, өмірі шыр бітпейді. Қайдан бітсін. Қысы-жазы жаяу жүреді. Ең болмаса, арзан мәшине алып мінбей ме?» дейді ғой. Дейді! Оған сөз жоқ. Мейлі, десе дей берсін!

Иә, осы «Десе дей берсін» ғой мұны құртқан. «Жұртта нем бар? Бірдеңе жасаса жасай берсін. Алса ала берсін.Үй салса, сала берсін. Қызметін өсірсе, өсіре берсін». Маған бұлардың ешқандай қатысы жоқ. Ештеңенің керегі жоқ. Күнделікті жұмысы мен тапсырылған шаруаны тап-түйнақтай етіп орындап, бір ізбен барып, бір ізбен қайтса болды. Басқада шаруасы жоқ.

О, ақымақ! Қандай ақымақ еді! Өзімен бірге оқығандар әне. Тіпте кейін бітіргендер ше? Шіренгенде аяқтарын баса алмайды. Неге? Өйткені қолдарында азды-көпті биліктері бар. Ал биліктері бардың байлықтары да бар. Олардың кедейлері болмайды.

«Ой жол қысқартады». Бұл Дәулетбектің өзінің шығарып алған тәмсілі. Ой дегеніңіз әңгіменің үнсіз түрі емес пе? Міне, діттеген жеріне де жетті. Сағатына қарады. 53 минутта келіпті. Көлеңкеге тұрып сәл демін басып алды да ішке кірді.

Төр жақтағы оңаша столда Айтжан мен бастығы отыр. Бұл жақындағаннан Саймағанбет ұшып тұрып:

– Дәуке, кел, мұнда отыр, – деді іltипат білдіріп. Сөйтті де қолын алып, құшақтап амандасты. Бүгін түске дейін бір-бірін көрмеген.

– Дәуке, терлеп кетіпсің ғой. Күн қайнап тұр, ә?

– Ыстық жаман. Жаяу келіп едім. Қазір басылады ғой.

– Қойшы, сенің үйің «Көкжиек» шағын ауданында емес пе?

– Иә, «Көкжиекте».

– Сонан жаяу келіп жүрсің бе? Маған айтпадың ба? Машинаны жіберетін едім.

– Ой, рақмет. Үйренген жүріс қой.

– Жо-оқ. Болмайды бұл, Дәуке. Жасың ұлғайып келе жатыр. Бала емессің шапқылай беретін. Вообще то, менің бұрынғы көлігімді списаниеге шығарып жатырмыз. Орынбасарыма берем ба деп жүр едім. Соны алсай онда. Құжаттарының бәрін реттеп беремін.

– Жоқ-жоқ. Маған мәшине керек емес.

– Неге? Тегін зат қой. Мініп ал. Қашанғы жаяу жүресің?

– Жоқ, керегі жоқ, керегі жоқ! Рақмет!

– Дәулетбек, бұның не? Сәкең берем деп отыр. Алып алмайсың ба? Бір мәшинелік еңбегің сіңді ғой, – деді шыдамай кеткен Айтжан сөзге араласып.

– Соны айтам-ау. Замға берсем қуана-қуана қағып алар еді. Қой, жігіттер, бұл мәселені кейін талқылармыз. Ең әуелі тамағымызды жібітіп мынаны алып жіберейік.

– Алсақ, алайық!

Айтжан дереу стаканын ұстап, соғыстыра бастады. Екеуі «шөлдеп» отыр екен, демалмастан қағып салды. Дәулетбек орталады.

– Жо-жоқ, Дәуке, болмайды, болмайды, алғашқыны түбіне дейін. Оның үстіне бүгін сіздің мерекеңіз. Сіздің курстасыңыз комитетіміздің төрағасы болып жатыр, – деді Саймағанбет көңілі түскен кезде «Дәуке», «Сіз» дейтін әдетіне көшіп.

– Мен тамақ жеп алайыншы. Сосын ішем.

– Жейсіз, жейсіз. Мынаны астына тастап жіберіңіз.

– Жарайды. Қоймадың ғой.

– Міне, міне, енді дұрыс болды.

Бұл стаканды босатты да, шанышқыны қолына алып тамаққа кірісті. Біртүрлі қарны аш сияқты. А-а, енді есіне түсті. Бағана түскі асын дұрыстап ішпеген екен ғой. Бәсе-ау, мезгілі болмай, ішегі шұрылдай қоймайтын еді.

– Жігіттер! – деді көп ұзамай Саймағанбет қолына стаканын ұстап. – Бүгін біз үшін қуанышты күн. Головнойға бастық боп өзімізбен бір институтта, мына Дәукең ағамызбен бір курста, бірге оқыған еліміздегі мықты экономистердің бірі, бұған дейін де ірі-ірі, аса жауапты қызметтер атқарған Нұрлан Тастыбайұлы тағайындалды. Бұл біздің бағымыз деп ойлаймын.Осы тостты Нұрекеңнің денсаулығы үшін алып қояйық!

– Алсақ, алайық!

Айтжан тағы да бірінші боп қолын созды. Сөйтті де жылдамдатып түбіне дейін қылғытып жіберді. Бастығы да одан қалысқан жоқ.

– Сіз не, Нұрлан Тастыбайыбыштың денсаулығына қарсысыз ба? – деді Саймағанбет мұның таусылмаған арағына қарап.

– Алам, алам қазір жайлап.

– Дәуке, менің тәртібімді білесіз ғой. Алғашқы екі стакан до дна.

– Иә, білем.

Амал жоқ, бұл қалғанын да баратын жеріне жіберді.

– О, жарайсыз. Нағыз азаматсыз. Мына басыртқыны жеп жіберіңіз.

Бастығы бір тілім қазыны алып ұсынды.

– Дәуке, – деді ол сәлден соң бұған барлай қарап. – Естуімше, сіз бір кездері Нұрланмен қатты дос болыпсыз ғой, ә? Солай ма?

– Ей, баяғыда ғой ол. Қашшан.

– Енді сол достықты қайта жалғастырасыз.

– Жалғастырғаны қалай?

– Ертең сіз екеуміз Астанаға жүріп кетеміз. Мен Нұрлан Тастыбайұлымен бұрын-соңды қатысқан емеспін. «Темірді қызған кезінде соқ» демей ме? Біз алғашқылардың қатарында барып құттықтауымыз қажет. Сый-сыяпатымызды жасаймыз. Сөйтіп көзге түсуіміз керек. Түсіндіңіз ғой, ә, Дәуке?

– Жоқ, ешнәрсе түсінген жоқпын. Оған мен неге баруым керек?

– Қызықсыз. Сіз оны жақсы танисыз ғой. Міне, нағыз қамшыны басатын кез келді. Өзіңіз де көрінесіз, көңілін аулайсыз. Мені де жақынырақ таныстырасыз. Жалпы, сіздің жолыңыз болайын деп тұр.

– Жо-оқ, керегі жоқ. Бармаймын!

– Қой бармағаны несі? Ойнап айтып отырсыз ба?

– Шыным, шын айтамын. Бармаймын. Ол жақтан не аламын мен?

– Ойбай, Дәуке, бала болып кеттіңіз бе? Адамның бағы жанатын мұндай мүмкіндік екінің біріне беріле бермейді. Бүкіл осы облыста Нұрлан Тастыбайыбышпен бірге оқыған сізден басқа ешкім жоқ екен. Мен жігіттерден сұрап білдім.

– Иә, ол рас. Аққорғаннан төртбес бала оқыдық қой. Бірақ олардың бәрі өзің сияқты бізден төменгі не жоғарғы курстарда болды. Ал бір курс, бір группадан жалғыз мен ғана.

– Міне, көрмейсіз ба, не деген бақытты адам едіңіз. Сөйтіп отырып, «бармаймын» дейсіз.

– Сәке, мыналарды мөлдіретіп құйып қойдым. Арасы ұзап кеткен жоқ па?

– Дұрыс айтасың, Айтжан. Арасы ұзады. Ал енді осы тостты есептеу ісінің білгірі, басқармамыздың қара нары, қадірлі Дәулетбек Қойшыбекұлының денсаулығы үшін алып қояйық!

– Рақмет, Саймағанбет, рақмет!

Тамақ жеп алғандікі ме, жоқ әлде өзінің денсаулығы үшін дегесін тәбеті ашылды ма, Дәулетбек бұл жолы бастығын жалындырған жоқ. Анау екеуі боса да тамшы қалдырмады.

Ашы салатпен басыртқы жасаған бастығы аз-маз уақыт үнсіз отырды. Сонан соң «уһ-уһ» – деп жөткірініп алып:

– Дәуке, сонымен ертең жолға шығамыз, билеттерді брондап қойдық, – деді.

Дәулетбек оған таңғала қарады.

– Нанбай отырсың ба, мен бармаймын дедім ғой. Бармаймын дегесін бармаймын!

– Өй, Дәулетбек, қызықсың-ей, мен сенің орнында болсам бүгін бар-р-рар ед-д-ім, – деді қыза бастаған Айтжан.

– Айтжан дұрыс айтады. Тіпті бүгін кетуіміз керек еді. Моментті пайдаланып қалу керек қой. Кейбір пысықтар бүгін-ақ жеткен шығар. Жарайды, ертең де кеш емес. Солай емес пе, Дәуке?

– Ту-у, Саймағанбет, түсінбедің ғой, бармаймын дедім ғой. Ондайды ұнатпаймын мен.

– Дәулетбек Қойшыбекұлы, барасыз!Ал келгесін мен сізге үлкен сюрприз жасаймын.

– О-ол қандай сюрприз? Айтсаңызшы, бізде біліп отырайық. Үшеуміз енді д-д-дос емеспіз ба?

– Иә, доспыз. Бірақ мына Дәукең ғой, сол достығымызды онша бағаламай отырған.

– Бағалайды ғой. Әлгі с-сю-сюрпризіңізді айтып жіберсеңіз тіпті бағалайды. Айтыңыз енді.

– Бірақ, жігіттер, әзірге құпия болсын.

– Ой, Сәке, қорықпаңыз, біз Дәулетбек екеуміз де достыққа бер-р-рікпіз ғой. Ішімізде и-ит өледі.

– Олай болса айтайын. Астанаға барып төрағаны құттықтап, тіркеліп келгеннен кейін Дәукеңді басқармадағы ең көзерный бөлім – аудит бөлімінің меңгерушісі қылмақпын.

– Мә-ә, мынау күшті жаңалық қой. Аудит бөлімі деген майсөк жер емес пе? Дәулетбек, осы бастан өтініш беріп қояйын. Мені бө-ө-ліміне алшы. Шамалы іш-ші-шімді майлап алайын.

– Ала алмаймын! – деді осы кезде Дәулетбек даусын көтеріңкіреп.

– Неге? Достығымыз кәне с-сонда? Екеуміз бұрыннан жолдас емеспіз бе? Не-не жамандық көрдің менен? Неге алмайсың?

– Өйткені мен бөлім меңгерушісі болмаймын. Сонда қалай алам сені?

– А-а?

– Қой, Дәуке, не дедіңіз?

– Бөлім бастығы болмаймын деймін!

– Дәуке, ойланыңыз. Айтжан айтып отырғандай, аудит бөлімі – ең табысты бөлім.

– Мейлі! Табыстың керегі жоқ маған. Қой, мен кетейін. Әңгімелерің біртүрлі болып бара жатыр.

– Ойбай, отырыңыз, отырыңыз, Дәуке!

– Жоқ, Саймағанбет, айтқаныңның ешқайсысына келіспеймін. Астанаға да бармаймын, аудитке де ауыспаймын. Өзімнің жұмысым жарайды. Енді мен кете берейін. Біраз отырдық. Іштік, жедік. Ал жақсы.

Бастығы бірдеңе деймін дегенше бұл орнынан түрегелді де, қайқайып кете берді.

– Дәуке, Дәуке...

Дәулетбек артына бұрылып қараған жоқ.

Сыртқа шықты. Ыстықептеп басылыпты. Бірақ ауа тымырсық. Үп еткен жел жоқ. Кафенің сол жағына бұрылып, бағанағы келген жолына түсті. Адымдап жүріп келеді. Жыны ұстап, ішкі ойымен арпалысып келеді: Миымды ашытты ғой, екеуі екі жақтап. Астанаға барасың да барасың деп қоймағандай-ақ. Нұрлан немене мені сағынып отыр ма екен? Екеуінің арасы қазір аспан мен жердей. Бұны қайтсін. Кеткен шығар танауы көк тіреп. Ол комитет қазір министрлікпен пара-пар. Ха-ха! Сонда министрдің деңгейіндегі курстасының алдына барып сүмеңдеп, мүсәпір мысық құсап тұрса. Ол нешін азабы?! Айтшы, ненің азабы?! Бұл сияқты қатардағы жәй адамдарды айдай сұлу Астанадағы білдей комитеттің төрағасы түгілі, осы ақ шаңы шыққан Аққорғандағы басқарма, бөлім, бөлімше бастықтары, тіпті оны айтасың шенеуніктерді былай қойғанда, анау әкімшілік деген әйәй сарайдың ішінде бір кабинеттен екінші кабинетке қағаз тасуға ғана жарап жүрген, әліпті таяқ деп білмейтін боқмұрындардың өзі, менсінбейді. Мына Саймағанбетің де мұны адамсынбайды. Белгілі ғой. Бұл білмегенсігенмен, көзқарасынан, іс-әрекетінен, әңгімесінен анық сезеді. Тек осындай бір керек боп қалған, ісі түскен кездерде ғана азамат қатарына еніп, «Дәуке» атанады.

Аудит бөлімі. Ха-ха! Мойнына мініп алайын деп отыр ғой сосын. Әр аудан, мекемелер отчет тапсырған сайын соны «жемдеп» отырса, ә? Ал, жемдемей көр. Соңына түсіп алып ішкенінді ірің, жегеніңді желім қылсын. Сонда бұл әлгі жазығы жоқ есеп тапсырушылардан «

Әбіш Кекілбайұлының лирикалық поэзиясы

Қазақ әдебиетінің тарихында қазақ поэзиясының ерекше дәуірлеген кезеңі өткен ғасырдың 60-жылдарына тура келеді. Бұл жағдайдың басты себебі 1956 жылғы СОКП XX съезінде жасаған Н.Хрущевтің баяндамасынан кейін «жылымық» аталған жылдардағы КСРО құрамындағы ұлттар мен ұлыстардың әдебиеті, өнеріне шығармашылық еркіндік берілуі еді. Қазақ әдебиеті мен өнерінде де ерекше өрлеу, даму үрдістері болды. Заман, қоғам шындықтарын тереңнен толғап, ашып суреттеген кемел тарихи романдардың, сондай-ақ күрделі күрмеуге, шытырман шиеленіске толы драмалардың алғашқы легінің жарияланып, қоғамда үлкен дүмпу туғызған уақыттары осы кезеңге тура келді.

Қазақ поэзиясында да жанарулар мен жаңғырулар, мазмұндық, түрлік жаңалықты сипаттар осы уақыттарда ерекше байқалды. Әсіресе, қазақ лирикалық поэзиясындағы соны серпін, өзгеше өрлеу жауыннан кейінгі көктей дүр ете қалып, көзге ерекше көрінді. Осы жылдардан бастап қазақ өлеңінің философиялық тереңдігі арта бастады. Поэзияның уақытпен үндестігі – публицистикалық сипаты молайды, ақындарымыз мазмұн, түр жаңалықтарына жиі барды, әдебиетіміз, өлеңіміз ұлттық дәстүрге бірыңғай бет бұрды. Өздерінің шығармаларымен қазақ әдебиетінің тарихынан мәңгілікке орын алып қана қоймай, оның ілгерілеуіне, дамуына айрықша үлес қосқан бір топ таланттар шоғыры – Қ.Мырза-Әлі, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Ж.Нәжімеденов, Ф.Оңғарсынова және тағы басқалар әдебиетке осы уақытта келді. Осылардың бел ортасында Әбіш Кекілбайұлының есімін атасақ, артық болмас еді. Өйткені оның да әдебиетке өлеңмен, поэзиямен келген уақыты осы жылдарға тура келді. Ә.Кекілбайұлының алғашқы өлеңдерінен бастап, бүкіл поэзиясына дендеп қарағанымызда оның саңлақ суреткерлігі, асқан ақындық қабілеткарымы сол кездің өзінде-ақ ерекше байқалған. Бұл біріншіден, екіншіден егер кейіннен Ә.Кекілбайұлы проза мен драмаға ден қойып кетпей, бірыңғай поэзиямен айналысқанда оның ұлы ақын боларына ешқандай күмән жоқ еді. Айтқандарымыздың шындығын оның өлеңдерімен дәлелдеуге болады.

Жалпы лирикалық поэзияның күші суреттілігінде яғни ақынның сөзбен сурет сала алуына байланысты дер болсақ, Ә.Кекілбайұлының алғашқы өлеңдерінің өзі бұл қалыпты айрықша танытады. Ақынның «Туған жер» (1959) деп аталатын өлеңінде:

«Өстім, қырда, қиырда,
Естімей орман шуылын.
Жүзімді қақтап құйынға
Селеудің тындап суылын.
Теңізден шетпін бұрқақты,
Тәнімді толқын көмбеді.
Сусай қалсам, су тарттым
Шыңыраудан шөлдегі.
Тақырға асық иірдім,
Құмақта құдым қозыны.
Күн жеп қойған киімнің
Иықта кеткен тозығы»

Өлеңнің лирикалық кейіпкері өзі туралы айтып отыр. Өлеңде өмірбаяндық дерек бар. Бірақ бұл жай сөз емес, табиғат суретіне, пейзажға сүйенген сөз және бір ғажабы қолмен қойғандай, анық, дәл, әсерлі және әдемі сөздер. Осы жерде суреткерлік қабілет, ақындық талант, оның өзіндік ерекшелігі мен даралығы төңірегінде бір көш әңгіме айтуға болар еді. Өлең шумақтары субъектіленген, сезімге суарылған, табиғат суреті, бөлшегі, құбылысы бұл жерде екінші орында, фон ретінде ғана алынған.

Өлеңді бастанаяқ оқып болғанымызда алған бірінші әсер ақынның көңіл-күйіне, айтпағына табиғат суреті-пейзаждың әсем үйлесіп, өлеңнің құрғақ сөзге емес, сезімге суарылған табиғат суретіне малынып тұруы арқылы оқырманды жіпсіз байлауы мен баурауы. Екінші әсер бұл өлең кім-кімнің болса да туған жерін еске түсіреді, сағыныш сезіміне бөлейді. Осылайша өлең мақсатына жетті, бітті. Нағыз өлең, ұлы суреткерлер ғана дүниеге әкелетін көркем шығармалар осылай болса керек-ті

Әдебиеттанушылар өлеңдегі лирикалық кейіпкердің автобиографиялық және автопсихологиялық сипатты болып келетінін айтады. «Туған жердегі» автобиографиялық сипат байқағанымыздай, жалаң өмірбаян емес, өмірдің барша сұлулығын кереметтей табиғат суреті арқылы тамашалата алатын жанды, суретті өмірбаян болғандықтан кез келген оқырманды толқытады, тебірентеді. Ә.Кекілбайұлының, бір ғажабы, ұлы суреткерлік қыры осы табиғат тақырыбына жазылған алғашқы өлеңдерінен-ақ тайға таңба басқандай анық танылды дейтініміз сондықтан. «Алматыда, күздікүні, бульварда» (1959) деп аталатын өлеңінен үзінді:

Теректер де жұлдырыпты кекілді,
Тауда тұман тастан тасқа секірді.
Күз жауыны тарсылдайды
жер шұқып,
Жем іздеген жетім шөже секілді.
Сабапты жел қайыңды
көк жоса қып,
Жайратыпты қызыл гүлді
қоса атып.
Сар жапырақ тұра бермей бұтақта
Жатыр орнын жаңа бүрге босатып.

Өлеңнен байқағанымыз – көзбен көргенді суретке, өлеңге айналдырудағы дәлдік, шеберлік. Осы дәлдік арқылы өлеңнің шынайылығы байқалып қана қоймайды, сұлу суреттен туған сұлу сезім терең ойға жетелейді. Өлеңде табиғат суреті, оның детальдары бәрі де жанды, тірі адамға айналып кеткен. Өмірде бәрі өткінші, мәңгілік еш нәрсе жоқ екен. Күздің келуі арқылы ақын осы өмір заңдылығын тағы бір еске түсіреді. Суреткерлік қарым-қабілеттің күштілігі сондай, сөзбен сурет салу мен табиғат суретіне ынтықтыру арқылы жан-жүрегімізді сұлу сезімге бауратады. Нәтижесінде күзбен бірге ордалы ойға келеміз. Аса дарынды суреткердің алғашқы туындыларының өзінде осындай қымбат қасиеттер бар еді. Өлең өнеріміздің философиялық тереңдігінің артуы дегеніміз, осылайша, Ә.Кекілбайұлы сияқты сирек таланттарымыздың алғашқы өлеңдерінде-ақ жүзеге асқан болатын.

Ұлы Абай «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» дедіау. Ә.Кекілбайұлы болса, жас кезінің өзінде-ақ:

«Махаббат деген – ақырет,
Тыңдата ма, бірақ, қыз.
Бәйгеден жүрек аты кеп,
Қызығын көрдік бір-ақ күз.
Мен өкінбей қайтейін.

Жүректі қайғы даты жеп,
Қапаста қалдым шырақсыз.
Қас пен көздей жақын ек,
Жер мен көктей жырақпыз».

Мен өкінбей қайтейін (1960), – деп жазды.

Әдебиеттанушылар әлемдік әдебиеттануда «медитативті» лирика деп атап жүрген өлеңдердің үздік үлгісі – бұл. Қазақ әдебиетінде Ұлы Абай, Мағжан мен Қ.Аманжоловтан кейін «медитативті» лирикалық үлгілер жаңа бір сатыға, сапаға көтеріліп, әлемдік әдебиет деңгейінде 1960 жылдардан бастап көріне бастаса, осы сипат, үрдіс Ә.Кекілбайұлының алғашқы өлеңдерінен байқалды. Жоғарыдағы өлеңді махаббат лирикасы деп өте шығуға бола ма?! Жоқ, әрине! Бұл – ақынның ішкі жан дүниесінің толғанысы, тебіренісі, сезім-сырлары, өз-өзіне сараптама жасай отырып, толғануы. Бұндай жай-күйдің әркайсысымыздың басымызда болып қалуы әбден мүмкін ғой. Ұлы ақын өзі туралы айтса, бәріміз, халық туралы айтқаны (В.Белинский). Лирикалық кейіпкердің сезімі неғұрлым терең жырланса, одан туатын ой да соғұрлым биік, әсерлі, ықпалды болатынына жоғарыдағы өлеңдерді мысалға келтіруге болады.

Философиялық тереңдік дегенде астарлы сезімнің терең тағылымды ойға құрылуын және ойдың қарамақарсы ұғымдардың салыстырылып, салғастырылып берілуі арқылы айтылмақ сыр мен сезімді ұштай, өткірлей түсуін айтамыз. Бұндай өлеңдердегі ой мен сезім кейде ұғымдардың салыстырылуы арқылы берілсе, кейде бір-біріне қарсы қойылып та бейнеленеді. Мысалы, «қас пен көздей жақын ек, жер мен көктей жырақпыз» деген сияқтылар. Әдетте өлеңді жіктепжіліктегенде философиялық өлең деп топтастырып жатамыз. Шын мәнісінде тек ойдан ғана тұратын өлең болуы мүмкін емес қой. Егер өлең бірыңғай ойдан тұрса, ол өлең емес, трактат болған болар еді. Өлеңде ой мен сезім бір-бірімен астасып, астарласып қосөрім беріліп отырады. Сезімнің сирек сарабдалдығы мен терең ойшылдықтың қабысуы арқылы дүниеге келетін өлеңдердің қазақ поэзиясында 60-жылдардан бергі уақытта кең етек алғанын айтсақ, осы үрдістің басында Ә.Кекілбайұлы, Қ.Мырза-Әлі шығармаларының тұрғанын жасыра алмас едік.

«Медитативті» лирикалық поэзияның үлгілерінде лирикалық кейіпкер үнінің басым болатыны түсінікті, бірақ лирикалық кейіпкердің өлең өміріндегі өрісі, айталық, толыққанды әдеби бейнеге айналуы не айналмауы, сондай-ақ, тұлға деңгейіне көтерілуі не көтерілмеуі дегендердің әр ақын шығармашылығында әртүрлі болатынын айтсақ, шындықтың ауылынан алыс кетпейтініміз ақиқат. Мәселен, Ә.Кекілбайұлы жарыққа шығарған соңғы өлеңдерде лирикалық кейіпкер үнінің күрделеніп, жан-жақтылық таныта бастағаны, толысқан, сомдалған лирикалық бейненің тұлғаға айналғаны танылады. Бұл да, әрине, ақындық қуатқа, таланттың қаым-қабілетіне тікелей байланысты. Ә.Кекілбайұлының «Далиған, қайран, далам-ай» деп басталатын өлеңі – осы айтқандарымыздың дәлелі. Жалпы даланың қазақ поэзиясында символдық бейнеге айналғаны қашан, ақындарымыз даланы жырласа, қазақ деп қабылдайтынымызға көп болған. Ә.Кекілбайұлының даласы да көзге ыстық, көңілге жақын, жылы.

«Далиған, қайран, далам-ай,
Жиылмайды-ау етек-жең,
Аңғал өскен баладай
Құқай көрмей бөтеннен», –

деп басталатын өлеңде қазақ халқының мінезі, әдет-ғұрпы, салт-санасы кеңінен жырланады. Кеңдік, кеңпейілділік, қонақжайлылық, меймандостық, аңқаулық, аңғалдық, сенгіштік, ақындық пен ақынжандылық т.б. қасиеттеріміз өлеңде әдемі өрнектелген. Осы өлеңнің соңы:

«Аңырайған сол аузың,
Аңқаюмен өте ме,
Нұқығаны заманның
Аз болды ма шекеңе?» делініп аяқталса, Қ.Мырза-Әлінің бір өлеңі де:
«Аңқау халық екенбіз ғой
біз деген,
Астындағы атын алты ай іздеген,
Әттең бабам мандайынан
аққан сор

Ақырғысы басымырақ жатқан соң» делініп аяқталады. Бұл екі ойшыл ақынның қазақ болмысын жырлаудағы ұқсастығы ғана емес, ой түйіндеулері мен тұжырымдауларының бірлігі де. Ә.Кекілбайұлының лирикалық кейіпкерінің ұлт болмысы, халық тарихы мен тағдыры, жаратылыс, дүниетаным мәселелері туралы толғануы – заңдылық. Өйткені ол – тегеурінділігі терең теңіздей талант иесі. Оның лирикалық кейіпкерінің интеллектуалдық дәрежесі өте биік, жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Бұл айтқандарымызбен Ә.Кекілбайұлы қазақ поэзиясына терең ойлылық, дидактика-философиялық сарындар әкелген ақын болды деп қорытындылаймыз.

Дана адамдар өмірдің ақырынан түңілген. «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным». Бұл Абайдың зары болса, дана Әбіш Кекілбайұлы:

«Сырласарға қара жоқ,
Мұңдасарға дара жоқ,
Жыртылар ма екен бұл жүрек
Бір күні пара-пара боп.

Қастың ғайбат сөзі өтті,
Дос бопсасы мезі етті.
Өңмендеген өкініш,
Өртеп барады өзекті.

Елеуредім ел деп мен,
Желеңдедім жер деп мен.
Тіл үшін тартпай тілімді,
Сайыстым сансыз жендетпен.

Елең қылмай ел мені,
Жерге тықпақ жер мені.
Тілдеп жатыр тіл шіркін,
Сонда неге сенгенмін».

Бұл түңілуде, біздіңше, басқалардың ойын қозғайтын өміршеңдік сипат бар. Лирикалық кейіпкердің таусыла айтқан сыры мен ернеуінен асып-төгілгендей сұлу сезімі, кімкімді де бейжай қалдырмасы анық. Ә.Кекілбайұлының кейіндеу жарық көрген өлеңдеріндегі қазыналы құпияның беті әлі де ашыла түсер деген ойдамыз. Өйткені олар әдебиеттануда әлі де болса толық зерттеліп, зерделене қойған жоқ.

Ә.Кекілбайұлының қазақ поэзиясында, өлеңінде бұрыннан бар дәстүрді ілгерілетуші, дамытушы болғанына дәлелдер көп.

«Жазғы күн шапағын,
Өшірді. Түн келді.
Қап-қара жамылып,
Дүние бүркенді.
Алыстан жарқырап,
Көк айдын көлбейді,
Қорқақ ши қалтырап,
Қоға бас тербейді»

Кезектес ұйқаспен беріліп, 6 буыннан құралған, 40 жолдан тұратын осы табиғат лирикасында қазақ поэзиясы үшін дәстүрлі жыр үлгісінің элементтері, ұлы Абай дәстүрі бірге қауышып, жаңа бір үндестік тапқан. Бұл өлең де – табиғат суреті-пейзажға жан бітіре суреттеуідің ерекше үлгісі.

«Қаратауды қапталдаған
қара жолдың бойында,
Жаңбыр жауса, су қалқыған
ақ тақырдың ойында.
Қақырайған қара нардай қайқы
өркеш биік тұр,
Жаңа түріп жібергендей
бас бұйдасын мойынға».

Бұл қазақ поэзиясы үшін дәстүрлі қара өлең үлгісінде жазылған өлең, бірақ өлеңнің әр жолы 11 буыннан емес, 15 буыннан тұрады. Бұндай сипаттың саналы түрде істелген әрекет болуы өз алдына, ол екінші жағынан ақынның даралығын, стилін де айғақтайды.

«Әлділер де туыпты,
Әлсіздер де туыпты.
Әлін білмес әлектер,
Әр дауды бір қуыпты» (1999).

Осылай басталатын өлең 6 шумақтан тұрады. Ұйқасы қара өлеңге келгенімен, бұның буын саны 11 емес, 7.

Соңғы жылдары жазған өлеңдерінде эпикалық қуат, айрықша ақындық темперамент байқалды. Бұл сипаттың кездейсоқ құбылыс емесі түсінікті әрине. Біріншіден осы уақыттарда Ә.Кекілбайұлы қаламынан не бір ғажайып эпикалық дүниелер, әңгімелер, повестер, романдар дүниеге келді, яғни ол аса дарынды прозаик жазушы екенін дәлелдеп үлгірген еді.

Ә.Кекілбайұлы қаламынан туған күрделі драмалық дүниелер де – осы жылдардың туындылары. Сондықтан өткен ғасырдың 90-жылдарындағы өлеңдерінде эпикалық, драмалық сипаттардың болуы заңдылық. Бұндай даму үдерістері, яғни, әдебиет тектерінің бір-бірімен жымдасуы, жақындасуы, бір-бірінің заңдылықтарын өз бойларына қабылдай бастауы XX ғасырдың соңғы ширегіндегі әлем әдебиетіне тән жағдай болатын. Әдебиет пен өнердің өз заңдылықтарына сәйкес стихиялы түрде осылайша дамуы – күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан құбылыс.

Ә.Кекілбайұлының «Түс пен жору» (1999) деп аталатын өлеңі:

«Алпысыншы жылдар. Жазушылар Одағы. Үшінші қабат үйдегі
Сол жақ қанат. «Қазақ әдебиеті». Қоңыржай бөлме түптегі.
Алпамса ақын. Талдырмаш сыншы. Тамақ үсті. Түс кезі.
Екеуара әңгіме. Сөйлеген бала. Тыңдаған жігіт. Көлгірсіген ешкім жоқ» делініп, 75 жолға созылған. Өлеңнің әр жолы 19-20, кейде 21-23 буыннан құралады. Мазмұны лирикалық кейіпкердің, яғни ақынның қазақ поэзиясының дарынды өкілі М.Мақатаевқа түсін айтуына, жорытуына құрылған. Өлеңде әңгіме элементі, яғни эпикалық сипат басым. Көлемді, ұзақ, әр жолы 19 буыннан кем емес бұндай өлеңдердің де қазақ әдебиетіндегі бастауы сол 60-жылдардан тамыр тартады. Т.Айбергеновтің «Аруана бауыр дүние», «Сағыныш» деп аталатын өлеңдері тым ұзақтығына, әр жолының кемі 19 буыннан тұратынына қарамастан, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленгені белгілі. Кейіннен бұл дәстүр М.Шаханов шығармашылығында жалғасты. Ә.Кекілбайұлының 90-жылдардың аяғында жазылған «Түс пен жору» сияқты бірнеше өлеңдері осы дәстүрді жалғастырып ғана қойған жоқ, дамытты, тереңдетті. Өлең-жырдағы эпикалық қуаттылық әдебиетіміздің ұлттық дәстүріне сыйымды құбылыс болғандықтан, түптеп келгенде бұндай жағдай қазақ өлеңінің ұлттық дәстүрге бет бұрып, дамудың даңғыл жолында келе жатқанын да дәлелдейді.

Ә.Кекілбайұлының осы жылдардағы жазған өлеңдеріндегі тағы бір ерекшелік – қанасына сыймай, ағылып-төгілген, асып-тасқан сөз нөпіріне, нөсеріне толы болуы.

Мысалы:

«Қалайсың» дейді қиылып,
«Отырмын» деймін бұйығып.
Барады жүрек жиі ұрып,
барады сабыр сұйылып.
«Бері кел» дейді қысылып,
«Жарайды» деймін түңіліп.
Түндігін үйдің түсіріп,
зәремді түн ұшырып,
Есігін зорға тапқаным,
ентігіп зорға аттадым.
Босағадан аспадым,
төрге қарай баспадым,
Түрінің көріп аппағын,
сұсының көріп қашқанын.
Немене болып қалды деп,
қаралай әбден сасқаным.
Жалма-жан оған ұмтылдым,
«жолама» деп жұлқынды,
Тежеп-тентек құлқынды,
кеуде тұсым бұлқынды.
Томпайтып алып ұртымды,
бере алмай қызға сыртымды,
Томсырайып мен тұрдым,
тымсырайып ол тұрды.

Осындай экспрессивті түрде баяндалатын ұзақ-ұзақ шумақтардың не бір асыл сөздерге, бейнелерге, бейнелілікке толы болып келіп отыруы Ә.Кекілбайұлының ақындық, суреткерлік қырының ерекше сипаты күйінде қазақ поэзиясының соқталы мазмұны болып әр уақыт қала бермек. Көріп отырғанымыздай, жоғарыдағыдай өлеңдерде драмалық сипат – сұхбат, әңгіме элементтері де бар. Бұның барлығы ақынның шығармашылығының сан қырлылығын, күрделілігін көрсетеді және ақса талантты ақынымыздың жазғандары арқылы жалпы қазақ поэзиясының үнемі даму үстінде келе жатқанын дәлелдейді. Төгіліп тұрған сезім мен ортаймайтын ой ағынын құйылып тұрған асыл сөздер арқылы бере отырып, өлең нысанындағы адам, зат, құбылыстың бәрін де үздіксіз қозғалысқа түсіру, сейте отырып қоршаған орта, әлем барлығына жан бітіре суреттеу – бұл енді ақын Ә.Кекілбайұлына тән стиль болатын.

Көріп отырғанымыздай, Ә.Кекілбайұлының ақындығы туралы айтқандағы есімізде болуы тиіс бір нәрсе – оның жоғарыда мысалға алынған өлеңдеріндегі жаңа леп, үн, қарқын. Өлеңдегі ұлы Абай дәстүрін, лирикалық поэзияның әлемдік тәжірибесін толық әрі терең меңгерген ақын тыңнан түрен салғандай қазақ өлеңіне жаңа бір эксперимент жасап көргісі келген сынайлы. Жоғарыдағыдай өлеңдер лирикалық поэзияның классикалық анықтамасына тура келе бермегенімен, бізге өте таныс, жат емес, жақын. Бұл жерде ақын қазақ поэзиясындағы дәстүрлі жыр үлгісін жаңғыртып, жаңартып бұларға лирикалық сарын қосып, өзіндік жол салғысы келгендей көрінеді. Қалай болғанда да бұл стиль әдебиетіміздің, өлеңіміздің ұлттық дәстүріне бөтен емес. Соны серпін, аса қуатты ақындық темперамент, эпикалық құлаш, Құрманғазының күйлеріндегідей дауылды, асқақ қалып, төгіліп-құйылып тұратын нөсер жаңбырдай сұлу сөздердің тасқыны – бұлар ақын Ә.Кекілбайұлының бітім-болмысындағы ерекше қырлар. Жалпы өнерпаздың стилі туралы айтқанда оның табиғи бітім-болмысын бірінші кезекте есте ұстауымыз керек-ақ. Сондықтан ақын Ә.Кекілбайұлы, жазушы Ә.Кекілбайұлы, драматург Ә.Кекілбайұлы дегендердің алдында адам Ә.Кекілбайұлы тұрғанына ден қойсақ, Алла тағаланың Ә.Кекілбайұлын басқалардан артық жаратқанына ешкім таласа қоймас.

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бала жайы – басты назарда

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ұмай» сауықтыру және қайырымдылық үйінің ұйымдастыруымен Қызылордада «Созылмалы ауруға шалдыққан балалардың өмір сүру сапасын арттыру» тақырыбында конференция өтті.

Мекеме директоры Анар Ізден бронх демікпесі, қант диабеті, йод жетіспеушілігі, темір тапшылығы бар балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарлама облыстық денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

– Игі бастамаға үкіметтік емес ұйымдар, арнайы құрылған ата-аналар комитеті атсалысып келеді. Бұған дейін 20-дан астам семинар-тренинг ұйымдастырылды. Қызу желі жұмыс істеп, оған 30-ға жуық қоңырау түсті, – деді ол.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Бибізада Дүйсенбаева бағдарламаны іске асыруға белсене үлес қосқандарға алғыс білдірді. Жиын қорытындысында жобаға қатысушыларға сертификаттар мен алғыс хаттар табысталды.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Жоба

«Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 19 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 18-бабының 18) тармақшасына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы №19 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5003 нөмірімен тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 2 шілдеде, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 6 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде:

реттік нөмірлері жиырма екінші, жүз жетпіс жетінші, жүз сексен тоғызыншы жолдар алынып тасталсын.

2. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы мен Арал, Қармақшы аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамамен белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.С.Байқадамовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Ысқақов.

Жоба

2020 жылға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8-бабына және «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы №282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 11245 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері осы қаулының қосымшасына (қызмет бабында пайдалану үшін) сәйкес бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б.Намаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Ысқақов.

Құрметті тұтынушылар!

Өкінішке орай, жылдан жылға, әр жаңа жылыту маусымында қала мен облыс тұрғындарының үйлерінде газ құрылғыларын пайдалану кезінде немесе мұржалардың жарамсыз болуы салдарынан жазатайым оқиғалар орын алуда. Көптеген жағдайларда, бұл газ құрылғыларының дұрыс дайындалмағандығынан, мұржалар мен желдеткіш жүйесінің тиісті түрде тексерілмегендігінен болады. Көбінесе адамдар мұндай көзқарастың қандай салдарларға әкеп соқтыратынын және үйдегі жылу жүйесінің жай-күйі үшін негізгі жауапкершілікті өздері алатындығын түсінбейді.

Сонымен бірге, әр үй иесі газ құрылғыларының қалыпты және дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, мұржаға және желдетуге газдың жану өнімдерінің бөлінуін тексеру керек. Пайдалану ережелері онша көп емес, бірақ олар өмір үшін маңызды:

Ең бастысы, газ құбырлары мен газ қондырғыларын тексеру және жөндеу үшін **газ қызметінің жұмысшыларын қызметтік куәліктерді ұсынғаннан кейін ғана тұрғын үйге кіруге міндетті түрде рұқсат етіңіз.**

Газ пешін пайдаланбастан бұрын, мұржада тартымның бар-жоқтығын, сорып алуды реттейтін жапқыштың толығымен ашық екендігін тексеріңіз және мұржаның «қалтасын» мезгіл-мезгіл тазалаңыз (мұржада құрым жинау үшін техникалық сақылау).Газды қолданып болғаннан кейін, газ құрылғыларындағы барлық шүмектерді жабыңыз, ал егер асүйде сіз газ баллондарын қолдансаңыз, олардың қақпақшаларын жабыңыз.

Егер қандай да бір ақау анықталған жағдайда, бөлмеде газдың иісі пайда болса, газ беру кенеттен тоқтаған кезде, газ құрылғыларындағы жанарғысының шүмектерін дереу жауып, бөлмені желдетіңіз және бәріне белгілі 104 нөмірі бойынша апаттық газ қызметіне қоңырау шалыңыз.

Бұл ретте: **от жақпаңыз, темекі шекпеңіз, электр жарығы мен электр құрылғыларын қоспаңыз және өшірмеңіз, электр қоңырауын қолданбаңыз, өйткені электр құрылғыны қосқан кезде ұшқын пайда болуы мүмкін.**

Үйіңіздегі мұржалар мен желдету каналдарының күйін және газ құрылғыларының жарамдылығын тексергеніне көп болды ма? Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету туралы келісім-шарттың уақытылы жасалуын, мұржалар мен желдету каналдарын білікті қызмет көрсететін ұйыммен тексеру жасауын үйіңіздің тұрғын үй-коммуналдық қызметі арқылы бақылап отырыңыз.

Газ жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде төмендегілер қатаң ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ және ҚАУІПТІ, ал кейбір жағдайларда заңмен жауапқа тартылады:

1. Үйді (пәтер, бақша үйі) рұқсатсыз газдандыру, өз бетінше газ құрылғыларының, баллондардың және ілмекті арматуралардың (шүмектер мен клапандар) орнын өзгерту, ауыстыру және жөндеуге болмайды.

2. Газ құрылғылардың құрылымына өзгерістер енгізуге; түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге; желдеткіш каналдарын бітеуге, түтіндіктерді тазартуға арналған «қалталар» мен люктерді бітеуге және жауып тастауға;

3. Егер газдандырылған пештер мен мұржаларда қалау, сылақ (жарықтар пайда болса) тығыздығының бұзылуы болса, газды қолдануға болмайды. Мұржаларда және су жылытқыштардағы түтін шығаратын құбырларда өз бетінше қосымша жапқыштарды орнатуға рұқсат жоқ.

4. Газ құрылғыларын мұржалар мен желдеткіш каналдарында, ванна бөлмелері есіктеріндегі саңылауларында тартым болмаған жағдайда қолдануға болмайды.

5. Жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға (үздіксіз жұмыс істеуге арналған және осыған сәйкес автоматикасы бар құрылғылардан басқа).

6. Газ және газ құрылғыларын басқа мақсаттарға қолдануға болмайды. Газ плитасын үй-жайды жылыту үшін пайдалануға болмайды.

Құрметті достар, есіңізде болсын!

Ауамен араласқан газ жарылғыш және өрт қаупі бар!

Жану өнімдерінде газ толық емес жанғанда, адам ағзасына улы әсер ететін иіс газы пайда болады!

Газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзсаңыз, сіз өзіңізге ғана емес, басқаларға да қауіп төндіресіз.

Газ қондырғылары немесе жылыту пештері орнатылған бөлмелерді түнгі уақытта ашық терезелерсіз немесе терезелердің жел көздерінсіз қалдырмаңыз, газ қондырғысы орнатылған бөлмелерде үйықтауға және демалуға болмайды!

Мұқият болыңыз, өзіңіз және отбасыңыз үшін қауіпсіздік шараларын есте сақтаңыз!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ әкімшілігі.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

№197-198 (19875-19876) 31 желтоқсан, сейсенбі 2019 жыл

Белгілер қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының кандидаты, 20-ға тарта прозалық, драматургиялық шығармалардың авторы, Сыр перзенті Жолтай Жұмат-Әлмашұлының «Ащы да тәтті өмір» атты жаңа туындысы жарыққа шыққан болатын. Қаламгер мақсатының түп-төркініне бойлатып, терең ойға жетелейтін «Олигарх және олимп» роман-элегиясы туған елінен жырақта жүріп, кәсіптің көзін тапқан қазақ жігітінің өмірінен сыр аңдатады. Сырын білмеген адамға сауырын сипата қоймайтын бизнес бәсекесінде бағы өрлеген жігіттің шым-шытырық оқиғаға толы өмірі оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Ғазиза ӘБІЛДА.

«Ащы да тәтті өмір» – ақиқат айнасы



Сонау Еуропа елінен ат арытып келіп, қазақ баласын бауырына басқан американдық беделді бизнес өкіліне сенімді серіктес болған қазақ жігіті Аспан есімді кейіпкер әлгі серіктесі өмірден өткен соң, оның заңды мұрагерімен етене араласады. Өйткені екеуі елдес, тіпті жерлес болатын.

Осынау әлемдік бизнес жолында ол күншілдік, алдау, арбау сияқты берекесіздікті талай басынан өткереді. Әйтсе де, бойындағы адами қасиетінің арқасында арам пиғылды аяқтан шалушыларға алдырмай, абыройын сақтап қалады. Бүгінгі қоғамдағы адам қолымен жасалып жатқан құйтырқы әрекеттердің бетпердесін ашып, аққа қара жұқпайтынын айғақтайды. Өмір жолындағы әрбір кездескен қиындықтардан сабақ алып, адамдық, азаматтық болмыстың қалыптасуын өз ой-толғаныстарымен тұжырымдап отырады.

Оқиғаның соңында алпауыт кәсіпкер туған елге оралып, Отанына қызмет етуді ойға алады. Қоғамдағы жауапты міндеттерге мойын бұрып, өзін алаңдатқан қилы-қилы келеңсіздіктерден өскелең ұрпақтың өмірін сақтап қалуға бел буады. Шығарма желісінде басты кейіпкер мен жазушының образы бір-бірімен астасып жатыр. Анығын оқырман өзі ажыратар деген тәрізді...

Кітаптың екінші бөліміндегі "Интерадам" роман-әфсанасында жазушы шынайы жүзін жасырып, интернет арқылы байланыса бастаған бүгінгі адамзат баласының болашағына алаңдайды. Жаһанданудың кесірі адамның сана-сезімін жаулағанымен қоймай, жан-тәніне де жазылмас дерт жұқтыратынын жеткізе баяндайды.

Қоғамдағы өзекті тақырыптарды тарқатқан бұл туындының оқырманға ой салар дүние екені даусыз.

Сатылады

• "Мағжан и К" ЖШС күріш тұқымының Элита (258 тг) және I репродукциялы (224 тг) "Янтарь", "Лидер" сорттарын ұсынады. Тұқымдар 40 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

• "Мағжан и К" ЖШС жоңышқа тұқымының III репродукциялы "Жетісулық жергілікті" сортын ұсынады (1 кг бағасы 1200 тг). Тұқымдар 50 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

(9-6)

ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Қаңтардың келбеті мен он екі айдың бейнесі

2020 – Қазақстан үшін тұрмысы төмен адамдар баспаналы болып, рухани байитын жыл

Міне, доңыз жылы 2019 да момақан күйінде мәңгі тарих қойнауына кетіп бара жатыр. Жаңа 2020 жылдың ақ парағы ашылады. Бұл тышқан жылының ел халқына қандай өзгерістер әкелетіні баршаға қызық. Белгілі нумеролог Құралай Бақытқызы «Sputnik Қазақстан» тілшісіне берген сұхбатында келер жылға болжам жасап, қазақстандықтарды қандай тосынсый күтіп тұрғанын айтыпты.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Біреу сәуегейлікке сенеді, біреу сенбейді. Бірақ, сол болжампаздардың айтқаны ақысынан шығып жатады.

Біз болжамын ұсынып отырған Құралай – белгілі нумеролог. Ал, нумерология – ғылым. Ол цифрлар тылсымын зерттейді. Мұның бастауы Құранда жатыр. Құранда бейберекет сан жоқ, олардың әрқайсысы өзара үйлесіп, ұйысып тұрады. Мысалы, Құранда «күн» деген сөз 365 рет, «күндер» деген сөз 30 рет, «ай» сөзі 12 рет қайталанған. Ал, «жұмақ» сөзі құранда 77 рет айтылған. Адамдардың 7 санын неге жақсы көретіні осыған қатысты болса керек. Мына құдіретті қараңыз, «жаза» сөзі қасиетті кітапта 117 рет, «кешірім» сөзі 234 рет кездескен. Демек, кешірім екі есеге көп.

Сондықтан нумерологтардың цифрға қарап сөйлеуі жайдан жай емес.

Ал, енді Құралай не депті?

ПОЗИТИВТІ ЖЫЛ

Нумеролог 2020 жыл, жалпы алғанда, позитивті болады деп отыр. Келер жылдың басты саны «4» екен.

«Төрт – төзімділікке, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа жауап беретін сан. Адамдар өз денсаулығына мән беріп, оны жақсартуға ұмтылады. Сауықтыру орталықтары, медициналық мекемелер көптеп салынуы мүмкін. Бұдан бөлек, тұрмысы төмен азаматтардың баспана мәселесі шешіледі. Әлеуметтік жағдайы төмен халыққа тұрғын үй бағдарламалары ұсынылып, шетелдік инвесторлар көп үй тұрғызады», дейді Құралай Бақытқызы.

Қазақстандықтардың еңбекке деген құлшынысы оянады. Бірнеше жұмысты қатар істеуі мүмкін. Халықтың табысы қатты өспегенімен, әр адам өзі тырмысып, еңбектенеді.

Бұдан бөлек, маманның айтуынша, адамдар рухани жағынан баюға көбірек мән береді. Біліктілігін арттыратын түрлі курстарға жазылады. Тіл үйреніп, салауатты өмір салтына бет бұрады.

Төрт – тұрақтылық саны. Сол себепті 2020 жылы отау құратын жастардың шаңырағы берік болады. Десе де, келесі жылы адамдар карьера жағын көбірек ойлайды», деп болжаған екен нумеролог.

Маман сондай-ақ «4» негізінен, спортшылар мен журналистердің саны деген.

ЕҢ БАСТЫСЫ – ӨСІМ БАР

Нумерологтың болжамы бойынша, 2020 жылы ел экономикасында тұрақты өсім байқалады. Ауыл шаруашылығы мол жеміс беріп, экономикаға жақсы әсерін тигізеді.

«2020 жылы Қазақстанның басты саны – «13». Жақсы жағы – елімізге инвестиция құйылып, сауда-саттық қарқынды дамиды, – дейді қазақстандық маман.

Бұдан бөлек, Қазақстанның қорғаныс саласын да біраз өзгеріс күтіп тұрғанын айтқан.

«2020 жыл нөлмен аяқталады ғой. Біз оны «металл жылы» деп атадық. Көбінесе ол темір, қару-жарақ, қауіпсіздікпен байланысты. Еліміздің қарулы күштері күшейеді. Әскерилердің жалақысы өсуі мүмкін.

Сонымен қатар, көші-қон саласында оң өзгерістер болмақ. Қытай мен Еуропадағы этникалық қазақтар атажұртына оралуы мүмкін» деген.

ӘР АЙҒА ЖЕКЕ БОЛЖАМ

Қаңтар – тазалық пен медицина айы. Бұл айда денсаулыққа көңіл бөлген ләзім.

Ақпан – салық және кеденмен байланысты ай. Осы салада қандай да бір өзгерістер орын алуы мүмкін. Әділетті ай деуге болады. Яғни, ақпан айында саясатта әділетті шешімдер көп болады.

Наурыз – әдемілік, сәулет және сән айы. Жаңа тұрғын үй бағдарламалары әзірленіп, құрылыс қарқын алады.

Сәуір – сыншыл ай. Шенеуніктер халықтан көп сын естиді. Саясатта Конституция, заңнамамен байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

Мамыр – денсаулық айы. Медицинада кейбір аурулардың емі табылады. Бұдан басқа, латын әліпбиіне қатысты жаңалық болады.

Маусым – IT мен спорт айы. Ғарышкерлер, программистер мен спортшылардың айы оңынан туады. Тың идеялар мен жаңа жобалар қолға алынады.

Шілде – отбасын құратын ай. Жастар неке қиып, саяхатқа шығады. Жұмыста адамдардың қызметі жоғарылайды.

Тамыз – сауда-саттық айы. Бірақ, алаяқтық жиілеуі ғажап емес. Алдап-арбау, сатқындық көбейеді. Сондықтан абай болған жөн. Сонымен қатар, жаздың үшінші айы – ана атанғысы келетіндер үшін таптырмас кезең.

Қыркүйек – мансап қуғандар айы. Бұл айда адамдардың мансабы өсіп, қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Кез келген бизнес жоба сәтті басталады. Сондай-ақ, хирургтар үшін табысты ай болмақ.

Қазан – дау-жанжал, арандатушылық айы. Адамдардың көбі жұмысында басшылығымен, әріптестерімен сөзге келіп қалады.

Қараша – мәдениет айы. Бұл кезеңде көрмелерге, музей мен театрларға жиі барған дұрыс. Адамдар өнерге, сәнге, мәдени шараларға мән береді. Археологияда жағымды жаңалықтар күтіледі.

Желтоқсан – кез келген істі аяқтау айы. Туризммен байланысты уақыт. Ел экономикасында экспорт пен импорт артады.

2020 жылы қазақстандықтар үшін сәтті айлар – мамыр, шілде және қыркүйек. Сәуір, маусым және тамыз айларында аздаған сәтсіздіктер болуы мүмкін. Бірақ, оны әр адамның бойындағы жақсылыққа құштарлық сезімі жеңеді.

Ендеше, Жаңа жыл сәтті болсын, бәрімізге.

Құттықтау

Құрметті ханымдар мен мырзалар, серіктестер мен әріптестер!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Жаңа 2020 жыл бастаған істерімізге тұрақтылық, жоспарларымызды іске асырып және әрбір жаңа күнімізге ұмытылмас сәттер әкелсін. Шын жүректен Сіздің бизнесіңізге өркендеу және үйіңізге амандық пен жылулық, туған-туысқандарыңыз бен жақындарыңызға деген ыстық ықылас пен молшылық тілейміз. Табалдырығымыздан аттаған жаңа жылдың берекесі мол, мерекесі көп болғай. Жаңа ғасырдың үшінші он жылдығы жақсы жаңалықтармен, ігі бастамалармен басталсын.

Жоғары мақсат, жарқын болашаққа деген ізгі ниетпен "ТұзкөлМұнайГаз Оперейтинг" ЖШС-ның ұжымы.

Қазақстанның халық жазушысы, драматург, публицист, сыншы, аудармашы, ақын – қазақтың Қалтайы желтоқсан айында дүниеге келген болатын. Осы қуанышқа тосынсый ретінде ақын Оспан Сейфолла Міркемелұлының құрастыруымен «Қалтайдың қалжыңдары» 13 жылдан кейін халқымен қайта қауышты.

Қалжыңдары халқымен қайта қауышты

2006 жылы жарық көрген бұл жинақ Қалағаңның ұшан теңіз қалжыңдарының тұтас болмағанымен, денінің сақталып қалуына үлкен пайдасын тигізді. Биыл «Атамұра» баспасынан таралымы 3000 дана болып «Қалтайдың қалжыңдарының» қайта шығуы – дүниеден өтсе де рухына, талантына қамқорлық көрсетіп келе жатқан көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым Мұхтар Абраруұлы Құл-Мұхаммедтің еңбегі. Ол Қалағаңның көзі тірісінде үш томдық таңдамалы жинағын 1998 жылы өз қаражатына шығарып, қазақ әдебиетіне үлкен сыйлық жасады. Жазушының 70 жылдық мерейтойын Алматы, Тараз, Түркістан және Қызылордада атап өтуіне зор үлес қосты.

Төрт бөлімнен тұратын кітапты тәптіштеп айтсақ, оқырмандарға қызық та болмас. Оны өздеріне қалдырып, кейбір ерекшеліктеріне ғана тоқталайық. Бұрын жарық көрген «Қалағаңның қалжыңдары» толықтырылды. Алғашында үш бөлімнен тұратын кітап кеңейтіліп, бір бөлім қосылды. «Ел аузындағы әзілқалжыңдар» аталатын екінші бөліміне іні-шәкірттері: Сейфолла Оспанның, Көпен, Толымбек, Дидахметтің жазғандары қосылды. «Қалағаңның қағидалы сөздері» деп аталатын үшінші бөліміне еңбекті құрастырушы Сейфолла аға мен Жаңабек Шағатайұлының естерінде қалған Қалағаңның қағидалы сөздері енді.

Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі – Қалағаңның ақындық талантына көбірек мән берілгендігі. Әдебиет жанрларына, аға-інілеріне арнаған пародиялары, Халил Мұхаммед деген бүркеншек атпен жазған жырлары мен толғауларына кітаптың төртінші бөлімінен орын беріліпті. Бұл сөз жоқ, Қалтай ағаның бабасы Күдеріқожа Көшекұлына тартқан ақындық талантын көпшілікке таныта бермек. Уақыт өтер, Қалағаңның бейнесі ел есінде осындай шығармаларымен қала бермек. Мүмкін бірнеше жылдардан кейін Қалтайдың қалжыңдары келер ұрпаққа да жол тартар. Лайым солай болғай. Аталған еңбек сүйсініп оқитын, оқып-тоқығаныңды елге жеткізуге асықтыратын дүние екеніне ешкім дау айта алмас.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, ҚМУ-дың профессоры, Қалтай Мұхамеджанов кітапханасының ғылыми кеңесшісі.

Бақұл бол, аяулы әріптес

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы директорының орынбасары, аяулы әріптесіміз Мырзахметова Бақытнұр Тәңірбергенқызы мезгілсіз дүниеден озды.

Бақытнұр Тәңірбергенқызы 1969 жылдың 23 қыркүйегінде Қызылорда облысы, Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. 1986 жылдары Сұлутөбе ауылындағы №41 М.Ломоносов атындағы орта мектепті үздік аттестатпен бітірген. 1990 жылы Шымкент қаласындағы Әл Фараби атындағы мәдени ағарту институтын «кітапханашы-библиограф» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған.

Аяулы әріптесіміз өзінің еңбекқорлығымен, білімділігімен қатардағы қызметкерден директордың орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Кітапхана ісін дамытуға зор үлес қосып, білімді, білікті маман ретінде қызметіне адал болды.

Мәдениет саласында абыройлы қызмет атқарып, еңбегі бағаланып, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының «Кітапхана ісінің шебері» медалімен, ҚР Мәдениет және спорт министрінің Құрмет грамотасымен, республикалық кәсіподақ ұйымының «Еңбек даңқы» медалімен, облыс әкімінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының алғыс хаттарымен марапатталды.

Отбасында адал жар, 4 баланың аяулы анасы болды. Елге сыйлы, көпбалалы Мырзахметұлы Тәңірберген ақсақал мен Әліқызы Дүржамал анамыздың кенже қызы еді. Адами қасиеттердің бірі – сабырлылық болса, осы қасиет Бақытнұрдың бойынан табылатын. Фәни ғұмырындағы ігі істері бақи өмірінде сауабына жазылсын.

Ардақты жанның жарқын бейнесі жүрегіміздің төрінде мәңгі сақталады. Отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Бақұл бол, аяулы әріптес! Алла алдыңнан жарылқасын. Жатқан жерің жайлы болсын.

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұжымы.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Алғысымызды білдіреміз

Ойламаған жерден әулетімізде қайғылы жағдай орын алды. Аяулы қызымыз Бақытнұр Тәңірбергенқызының қайтыс болуына орай қиын сәтте қайғымызды бөліскен облыстық Ә.Тәжібаев атындағы кітапхана ұжымына, қалалық, аудандық кітапханалар ұжымдарына және барлық ағайын-туыстарға алғысымызды білдіреміз.

Мырзахметовтер әулеті.

«Қызылорда облысының Құрылыс комплексі және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі «СМП-Қызылорда» ЖШС директоры Темірхан Әлімқұловқа інісі

Әділ Әлімқұловтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 6 қаңтар, дүйсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып,
"Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 29435 Тапсырыс №2051 Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**